ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ

SUSTAINABILITY REPORT

NCOC
NORTH CASPIAN
OPERATING COMPANY

WWW.NCOC.KZ

Қазақстан Республикасы, 060002
Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8, NCOC кеңсесі

Республика Казахстан, 060002
г. Атырау, ул. Смагулова, 8, офис NCOC

8, Smagulov Street, NCOC office
060002, Atyrau, Republic of Kazakhstan

NCOC
NORTH CASPIAN
OPERATING COMPANY

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ

ОТЧЕТ ОБ УСТОЙЧИВОМ РАЗВИТИИ

SUSTAINABILITY REPORT

2024



Қашаған кен орнында алғашқы ұңғыманы бұрғылау жұмыстарының басталғанына 25 жыл
25 лет с начала бурения первой скважины на Кашагане
25 anniversary of spudding in first Kashagan well

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ
ОТЧЕТ ОБ УСТОЙЧИВОМ РАЗВИТИИ



MANAGING DIRECTOR FOREWORD

For NCOC, as the Operator of the large Kashagan oilfield, the main responsibility is to ensure safe and reliable production. Sustainable development is an integral part of our operations, and it is embedded into every aspect of our activities. This report highlights the company's key results and achievements in this area over the past year.

As we look back to 2024, we cannot help but reflect on the most unexpected natural disaster that united all people across the country. Spring floods hit many regions of Kazakhstan, including our home Atyrau. In such a challenging situation, NCOC put best efforts into not only protecting own facilities but also help Atyrau region. Jointly with Akimat, NCOC worked on improvement of the Sokolok canal and built additional canal to divert the water to the Caspian Sea. Additionally, NCOC procured and delivered essential supplies, including sandbags, shovels, bottled water, etc., while many of our employees volunteered their time to help in various areas of the city.

Despite external challenges, we managed to successfully protect our production assets, maintained operational continuity, and fulfilled our objectives for the year, reaffirming our commitment to robust and sustainable progress.

One of the key scheduled activities in 2024 was the large-scale maintenance of the Company's production facilities. Periodic maintenance allows us to perform timely repairs and equipment replacements, reducing operational risks and ensuring reliability. Within 22 days, our teams successfully delivered several critical projects aimed at improving equipment integrity, including slug catcher replacement, without a single serious incident.

For us, sustainable production means zero incidents. That is why we pay great attention to fostering a strong safety culture among our employees and business partners. In this regard, we conducted several safety campaigns, such as Intervention and Encouraging Safe Behaviours Campaign, Dangers of Complacency, and Serious Incidents Refresher, to strengthen understanding of HSSE responsibilities, improve compliance with NCOC's safety practices, and promote proactive safety approach across all sites.

We also conducted the "Ak Chagala-2024" Oil Spill Response Level 3 exercise, aiming to reinforce our technical capabilities, stress our commitment to minimize environmental impact, and strive for the preservation of marine ecosystems. As part of this exercise, we held an Open Day for the public to demonstrate oil spill response equipment available in the North Caspian Project to be deployed in the event of an oil spill.

Local content development remains a cornerstone of NCOC success. In 2024, we spent USD 656.3 million on local goods, works, and services, equivalent to 62.1% of total expenditures.

For the past three decades, the North Caspian Project Operator has consistently implemented a wide range of initiatives aimed at developing local companies' capabilities as an essential element of sustainable development. These efforts range from procurement of local goods and services to supporting Kazakhstani manufacturers in international certification, which enhances their global competitiveness and contributes to the broader national economy.

In 2024, NCOC participated in a number of joint events with Kazakhstani producers, including the IMB Center Forum and the Open Day co-organised with two other oil and gas operators in Atyrau, seminars on two product categories, and the "Local Content in Goods: Strategic Development of the Country and Industry" seminar hosted by the Kazservice Association.

As a socially responsible company, NCOC adheres to the principles of transparency and open dialogue with the local community. In line with this approach, we integrated sustainability principles into our Sponsorship and Donation programme, now held on a competition basis, allowing the Company to support projects that have a tangible, positive impact on the community's well-being. Moreover, drawing on international best practices and stakeholder feedback, we introduced a new Community Feedback Mechanism. Its primary objective is to monitor the North Caspian Project's social impact and ensure prompt and effective responses to local residents' concerns and inquiries.

Overall, throughout 2024, we have further strengthened our commitment to sustainability across multiple areas of our activities, and we remain dedicated to continuing along this path in the years ahead.

I hope you will find this report useful and informative and will continue to take an interest in the North Caspian Project.

Giancarlo Ruiu
NCOC Managing Director

БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

NCOC үшін оның ірі Қашаған кен орнының операторы ретіндегі басты міндеті – қауіпсіз және сенімді өндірісті қамтамасыз ету. Бұл ретте біз тұрақты даму мәселелерін өндірістік қызметіміздің ажырамас бөлігі деп қарастырып, оларға ерекше көңіл бөлеміз. Бұл есепте компанияның осы саладағы былтырғы негізгі нәтижелері мен жетістіктері берілген.

2024 жылғы оқиғалар туралы сөз қозғағанда, бүкіл ел тұрғындарын жұдырықтай жұмылдырған ауқымды дүлей апатты еске алмау мүмкін емес. Көктемгі су тасқыны Қазақстанның көптеген өңіріне, соның ішінде Атырауымызға да жетті. Осындай қиын жағдайда NCOC компаниясы өз нысандарын қорғап қана қоймай, Атырау облысына көмек көрсетуге бар күшін салды. Әкімдіктің қолдауымен Соколок каналының арнасын тазарту және тереңдету жұмыстары жүргізіліп, тасқын су ағынын Каспий теңізіне қарай бұру үшін қосымша канал салынды. Сонымен бірге NCOC қала үшін құм салатын қаптар, күректер, бөтелкедегі су және т.б. секілді ең қажет заттар сатып алды, ал қызметкерлеріміз жұмыстан бос уақытында қаланың түрлі аудандарында ерікті лер бастамаларына қатысып, көмек көрсетті.

Сыртқы сын-тегеуріндерге қарамастан, біз өндіріс нысандарды қорғап қалдық, тұрақты өндірісті сақтай алдық және жылға жоспарланған міндеттердің барлығын орындадық, бұл біздің тұрақты да орнықты дамуға бейіл екенімізді айғақтап отыр.

2024 жылға жоспарланған негізгі іс-шаралардың бірі компанияның өндіріс нысандарына ауқымды техникалық қызмет көрсету болды. Тұрақты қызмет көрсету жабдықтарды уақытында жөндеуге және ауыстыруға, осылайша қатерлерді барынша азайта отырып, өндірістік процестердің сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мамандарымыз 22 күн ішінде жабдықтардың техникалық күйінің мінсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған аса маңызды жобаларды, соның ішінде кіреберіс газ сепараторын ауыстыру жұмысын ешбір ауыр оқиғасыз ойдағыдай орындап шықты.

Біз үшін тұрақты өндіріс – ең алдымен оқыс оқиғалар болмауы. Қауіпсіздік мәдениетін қызметкерлер ортасында ғана емес, бизнес-серіктестер ортасында да қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп отырғанымыздың да себебі осы. Осыған орай біз қызметкерлердің денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз міндеттерін түсінуін тереңдету, NCOC компаниясының барлық нысанында қауіпсіздік техникасы жөніндегі корпоративтік стандарттарды сақтау және қауіпсіздікке сеп болатын алдын алу тәсілін ілгерілету мақсатында «Араласу

және қауіпсіз мінез-құлықты қолдау», «Өз-өзіне аса сенімді болудың қауіптілігі», «Ауыр оқиғаларды талдау» сияқты еңбек қорғау саласындағы бірқатар науқан өткіздік.

Сондай-ақ біз техникалық мүмкіндіктерімізді кеңейту, қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайтуға және теңіз экожүйелерінің сақтауға ұмтылуға бейілдігімізді көрсету мақсатында мұнайдың төгілуіне ден қоюға бағытталған 3-деңгейлі «Ақ шағала-2024» оқу-жаттығуын өткіздік. Оқу-жаттығу аясында біз «Ашық есік күні» іс-шарасын ұйымдастырып, жұртшылыққа Солтүстік Каспий жобасындағы төгілген мұнайды жинап алуға арналған жабдықтармен танысуға мүмкіндік бердік.

NCOC қызметінің негізгі элементі және табысқа жетуінің кепілі – жергілікті қамтуды дамыту. 2024 жылы жергілікті тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша сатып алу көлемі 656,3 млн АҚШ долларына немесе компанияның жалпы шығынының 62,1%-ына тең болды.

Солтүстік Каспий жобасының операторы отыз жыл бойы жергілікті өндірушілердің мүмкіндіктерін дамытуды көздейтін бастамаларды дәйекті түрде іске асырып келеді, бұл – тұрақты даудың маңызды құрамдас бөлігі. Іс-шаралар жиынтығы жергілікті тауарлар мен қызметтер сатып алумен қатар қазақстандық өндірушілерге халықаралық сертификаттаудан өтуге көмек көрсетуді де қамтиды, бұл олардың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетін арттыруға және жалпы алғанда жергілікті экономиканы нығайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ NCOC 2024 жылы қазақстандық өндірушілермен бірге бірқатар іс-шараға соның ішінде «IMB орталығының» форумына және басқа екі оператормен бірге Атырауда ұйымдастырылған «Ашық есік күні» іс-шарасына, екі тауар санаты бойынша өткен семинарларға, сонымен қатар Kazservice қауымдастығының «Тауарлардағы жергілікті қамту: елдің және саланың стратегиялық дамуы» атты семинарына қатысты.

NCOC әлеуметтік жауапты компания ретінде ашықтық және жергілікті халықпен ашық диалог құру қағидаттарын ұстанып отыр. Осы ұстаным аясында біз тұрақты даму қағидаттарын «Шұғыла» атты демеушілік және қайырымдылық бағдарламамызға енгіздік. Бұл бағдарлама енді конкурстық негізде жүзеге асырылып, халықтың әлеуметтік әл-ауқатына шынайы ықпал ете алатын жобаларды іріктеуімізге мүмкіндік беріп отыр.

Бұдан бөлек компания халықаралық озық тәжірибелерді және мүдделі тараптардың ұсынымдарын ескере отырып, жергілікті халықтан кері байланыс алудың жаңа механизмін енгізді. Оның негізгі мақсаты – Солтүстік Каспий жобасының халыққа тигізетін әсеріне тұрақты мониторинг жүргізуге сеп болып, тұрғындардың өтінімдеріне, сұрақтарына және ұсыныстарына шұғыл ден қою үшін тиімді байланыс арнасын құру.

Жалпы алғанда 2024 жылы біз компания қызметінің көп саласында тұрақты даму қағидаттарына сүйенетін ұстанымымызды едәуір нығайттық дей аламыз және ары қарай да осы бағыттағы жұмысты жалғастыра бермекпіз.

Бұл есеп сізге пайдалы болып, көп нәрседен хабардар боласыз және Солтүстік Каспий жобасына қызығушылық таныта бересіз деген үміттемін.

Джанкарло Рую
NCOC басқарушы директоры

ВСТУПИТЕЛЬНОЕ СЛОВО УПРАВЛЯЮЩЕГО ДИРЕКТОРА

Для NCOC, как оператора крупного месторождения Кашаган, приоритетной задачей является обеспечение безопасного и надежного производства. При этом мы уделяем особое внимание вопросам устойчивого развития, рассматривая их как неотъемлемую часть нашей операционной деятельности. В настоящем отчете представлены ключевые результаты и достижения компании в этой области за прошедший год.

Обращаясь к событиям 2024 года, невозможно не вспомнить масштабное стихийное бедствие, которое сплотило всех жителей страны. Весенние паводки затронули многие регионы Казахстана, в том числе и наш родной Атырау. В этой сложной ситуации компания NCOC сосредоточила усилия не только на защите собственных производственных объектов, но и на оказании помощи Атырауской области. При поддержке акимата были проведены работы по расчистке и углублению русла канала Соколок, построен дополнительный канал для отвода паводковых вод в Каспийское море. Кроме того, NCOC закупила и передала городу предметы первой необходимости – мешки для песка, лопаты, бутилированную воду, а наши сотрудники в свободное от работы время добровольно участвовали в волонтерских инициативах и оказывали помощь в разных районах города.

Несмотря на внешние вызовы, нам удалось защитить производственные объекты, сохранить стабильное производство и выполнить все запланированные на год задачи, что подтверждает нашу приверженность стабильному и устойчивому развитию.

Одним из ключевых плановых мероприятий 2024 года стало масштабное техническое обслуживание производственных объектов компании. Регулярное обслуживание позволяет своевременно проводить ремонт и замену оборудования, минимизируя риски и обеспечивая надежность производственных процессов. В течение 22 дней наши специалисты успешно выполнили ряд критически важных проектов, направленных на обеспечение целостности оборудования, включая замену входного газосепаратора, – все без единого серьезного происшествия.

Для нас устойчивое производство – это прежде всего отсутствие происшествий. Именно поэтому мы уделяем особое внимание формированию культуры безопасности как среди сотрудников, так и бизнес-партнеров. В этой связи мы провели ряд кампаний в области охраны труда, таких как «Вмешательство и поддержка безопасного поведения», «Опасность излишней самоуверенности», «Анализ серьезных происшествий», в целях укрепления понимания сотрудника-

ми своих обязанностей в области ОЗТОСиБ, соблюдения корпоративных стандартов по технике безопасности и продвижения упреждающего подхода к обеспечению безопасности на всех объектах NCOC.

Кроме того, мы провели учения по реагированию на разливы нефти уровня 3 «Ак Шагала-2024» в целях расширения технических возможностей, демонстрации нашей приверженности к минимизации воздействия на окружающую среду и стремления к сохранению морских экосистем. В рамках учений мы также организовали день открытых дверей, предоставив общественности возможность ознакомиться с оборудованием для ликвидации разливов нефти, которым располагает Северо-Каспийский проект.

Ключевым элементом деятельности и залогом успеха NCOC является развитие местного содержания. В 2024 году объем закупок местных товаров, работ и услуг составил 656,3 миллиона долларов США или 62,1% от общих затрат компании.

На протяжении трех десятилетий оператор Северо-Каспийского проекта последовательно реализует инициативы, направленные на развитие возможностей местных производителей, что является важной составляющей устойчивого развития. Комплекс мероприятий охватывает не только закупки местных товаров и услуг, но и поддержку казахстанских производителей в прохождении международной сертификации, что способствует повышению их конкурентоспособности на мировом рынке и укреплению местной экономики в целом.

Наряду с этим, в 2024 году NCOC приняла участие в ряде мероприятий с казахстанскими производителями, включая форум «IMB Центра» и день открытых дверей, организованных совместно с двумя другими нефтегазовыми операторами в Атырау, семинары по двум категориям товаров, а также семинар «Местное содержание в товарах: стратегическое развитие страны и отрасли» ассоциации Kazservice.

Будучи социально ответственной компанией, NCOC следует принципам прозрачности и открытого диалога с местным населением. В рамках этого подхода мы внедрили принципы устойчивого развития в программу спонсорства и благотворительности, которая теперь реализуется на конкурсной основе, что позволяет нам отбирать проекты, способные оказать реальное влияние на социальное благополучие населения.

Более того, с учетом передовых международных практик и рекомендаций заинтересованных сторон, компания ввела в действие новый механизм обратной связи от местного населения. Его основная цель – обеспечить регулярный мониторинг воздействия Северо-Каспийского проекта на население и создать эффективный канал для оперативного реагирования на обращения, вопросы и предложения со стороны жителей.

В целом можно отметить, что в 2024 году нам удалось значительно укрепить подход, основанный на принципах устойчивого развития, во многих областях деятельности компании, и мы намерены продолжать работу в этом направлении в будущем.

Надеюсь, что этот отчет окажется для вас полезным и информативным, и вы продолжите проявлять интерес к Северо-Каспийскому проекту.

Джанкарло Рую
Управляющий директор NCOC

МАЗМҰНЫ

01. NCOC ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ 12

02. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ 14

03. БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА БЕЙІЛДІК 16

04. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС 20

05. NCOC ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ 26

06. ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ 42

Еңбек қауіпсіздігі 32

Қызметкерлердің денсаулығын қорғау 36

Технологиялық процестердің қауіпсіздігі және активтердің тұтастығы 37

07. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ 46

Биологиялық әралуандықты сақтау 47

Тұщы су 51

Су қоймаларына қалдық төгу 53

Қарапайым күкіртке қатысты жұмыстарды ұйымдастыру 55

Парник газдарға жатпайтын атмосфералық шығарындылар 56

Қалдықтармен жұмыс істеу 65

Мұнай төгілімдеріне ден қою 68

08. КЛИМАТ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ 72

Энергия 78

09. АДАМДАР 82

Кадр әралуандығы, теңдік және персоналдың атсалысуы 82

Қызметкерлерді заңсыз әрекеттер туралы хабарлағаны үшін құдалаудан қорғау және еңбек даулары мен шағымдарды қарау механизмдері 84

NCOC компаниясындағы қауымдастықтар құру еркіндігі және ұжымдық еңбек шарттарын жасасу 85

Шетелдік мамандарды қазақстандық кадрлармен алмастыру 87

Біліктілік арттыру және білім бөлісу 87

Адам құқығы 89

10. ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ 90

Жергілікті қамту көрсеткіштері 90

Тауарларды жергіліктендіру 92

Жергілікті жабдықтаушыларды дамыту 93

11. ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС 98

Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар 98

Демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы 102

2024 жылы орындалған негізгі жобалар 103

Жергілікті халықпен диалог 105

12. БАСҚАРУ 110

Іскерлік әдеп 110

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу 113

NCOC басшылығы 114

Саяси қызметке қатысу 115

СОДЕРЖАНИЕ

01. NCOC И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ ... 118

02. ОТЧЕТ ОБ УСТОЙЧИВОМ РАЗВИТИИ ... 120

03. ПРИВЕРЖЕННОСТЬ ЦЕЛЯМ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ООН ... 122

04. ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ С ЗАИНТЕРЕСОВАННЫМИ СТОРОНАМИ ... 126

05. ПОКАЗАТЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ NCOC ... 132

06. ОХРАНА ЗДОРОВЬЯ И ТРУДА ... 138

Безопасность труда ... 138

Охрана здоровья персонала ... 142

Безопасность технологических процессов и целостность активов ... 143

07. ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ ... 152

Сохранение биологического разнообразия ... 153

Пресная вода ... 157

Сбросы воды ... 159

Управление элементарной серой ... 161

Выбросы в атмосферу, не относящиеся к парниковым газам ... 162

Управление отходами ... 171

Реагирование на разливы нефти ... 174

08. ИЗМЕНЕНИЕ КЛИМАТА И ЭНЕРГИЯ ... 178

Энергия ... 184

09. ЛЮДИ ... 188

Кадровое многообразие, равенство и вовлеченность персонала ... 188

Защита сотрудников от преследования за уведомление о неправомерных действиях и механизмы рассмотрения трудовых споров и жалоб ... 190

Свобода ассоциаций и заключение коллективных трудовых договоров ... 191

Замещение иностранных специалистов казахстанскими кадрами ... 193

Повышение квалификации и передача знаний ... 193

Права человека ... 195

10. МЕСТНОЕ СОДЕРЖАНИЕ ... 196

Показатели по местному содержанию ... 196

Локализация товаров ... 198

Развитие местных поставщиков ... 199

11. ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ С МЕСТНЫМ НАСЕЛЕНИЕМ ... 204

Проекты инфраструктуры и социального назначения ... 204

Программа спонсорства и благотворительности ... 208

Ключевые проекты, реализованные в 2024 году ... 209

Диалог с местным населением ... 211

12. УПРАВЛЕНИЕ ... 216

Деловая этика ... 216

Предотвращение коррупции ... 219

Управление NCOC ... 220

Участие в политической деятельности ... 221

TABLE OF CONTENTS

01. NCOC AND SUSTAINABILITY 224

02. NCOC SUSTAINABILITY REPORT 226

03. COMMITTING TO THE UN SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS 228

04. STAKEHOLDERS' ENGAGEMENT 232

05. NCOC PERFORMANCE DATA 238

06. HEALTH AND SAFETY 244

Work Safety 244

Workforce Health 248

Process Safety and Asset Integrity 249

07. ENVIRONMENT PROTECTION 258

Biodiversity Conservation 259

Freshwater 263

Water Discharges 265

Elemental Sulphur Management 267

Non-GHG Air Emissions 268

Waste Management 277

Oil Spills Response 280

08. CLIMATE CHANGE AND ENERGY 284

Energy 290

09. PEOPLE 294

Workforce Diversity, Equity, and Inclusion 294

Workforce Non-Retaliation and Grievance Mechanisms 296

Freedom of Association and Collective Bargaining at NCOC 297

Nationalisation 298

Job Skills Training and Knowledge Transfer 299

Human Rights 300

10. LOCAL CONTENT 302

Local Content Performance 302

Localisation of Goods 304

Local Supplier Development 305

11. COMMUNITY ENGAGEMENT 310

Social and Infrastructure Projects 310

Sponsorship and Donations Programme 314

2024 Key Projects 315

Dialogue with the Community 318

12. GOVERNANCE 322

Business Ethics 322

Preventing Corruption 325

NCOC Governance 325

Political Engagement 326

БҰРҒЫЛАУ



Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі жоғары қысымды қойнауқат аумағында жүргізілген бұрғылау жұмыстары барысында жерасты және жерүсті жабдығына байланысты бірқатар қиындық шықты.

Бұрғылау жұмыстарының барысы түйіртпектерді зерттеу және бұрғылаған кезде каротаждау деректерін талдау арқылы бақыланды, ал ұңғыма деректерінің болжамын растау және нақтылау жұмыстары ұңғыма оқпанын геофизикалық зерттеу және синтетикалық үлгілеу арқылы жүзеге асырылды.

Қашаған кен орнындағы бұрғылау жұмыстары барысында бұрғылауды бастар алдында тиянақты геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу, мұқият жоспарлау және геологиялық қатерлерді барынша азайтуға септігін тигізген өндіріс жұмыстарын зер салып орындау арқылы елеулі жетістіктерге қол жеткізілді.

Геологиялық-геофизикалық зерттеу және бұрғылау жұмыстарына жауапты мамандардың қайтпас жігерінің арқасында Қашаған кен орнын ашып, өнім қойнауқатына қадағаланған түрде енуге жағдай жасалды.



2014

01

NCOC ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) келешек ұрпақтың өзін өзі қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне зиян келтірмей, бүгінгі ұрпақтың қажетін өтеу үшін Солтүстік Каспий жобасы аясында Қазақстандағы теңіз кен орындарының мұнай-газ қорларын сенімді түрде, жауапкершілікпен және тұрақты деңгейде игеруге ұмтылып келеді. Бұл ұмтылыс жобамызды 1997 жылы іске асыра бастаған кезден бері қолданылып келе жатқан жұмыстардың бәрінің орындалуына қатысты тәсілдемемізге кіріктірілген.



NCOC ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІНДЕ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНДІРІС ҚЫЗМЕТІ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ӨҢІРЛЕРДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ КӨРСЕТІЛГЕН.



02

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ

Тұрақты даму есебі – компанияның жергілікті халық пен Қазақстан азаматтарына теңіз кен орындарының қорларын игеру барысындағы қызметіміз туралы ашық және анық ақпарат беретін ерікті бастамасы.

Мұндай есептің құндылығы онда жылдарға қарай салыстыруға болатын анағұрлым маңызды дерек жинақталып, ұсынылатынында, соның арқасында жұртшылық жобамыздың Қазақстан мен оның азаматтарына ұсынатын орнықты артықшылықтарын түсінердей маңызды көрсеткіштерге сүйеніп, қызметіміздің ұзақмерзімді үрдістерін қадағалай алады.

Осы есептегі ақпарат NCOC акционерлеріне және Қазақстан Республикасының қадағалап, реттеу функцияларын орындайтын мемлекеттік органдарына ұсынылып отырған Солтүстік Каспий жобасы аясындағы қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік-экономикалық қызмет бойынша орындалған жұмыс туралы есептерде берілген деректерге сәйкес келеді.



Есеп Мұнай-газ саласының қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі халықаралық қауымдастығының (IPIECA), сонымен қатар Мұнай-газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығының (IOGP) және Америка мұнай институтының (API) есептер әзірлеуге қатысты басшылыққа алынатын нұсқаулары мен көрсеткіштеріне сәйкес әзірленген.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕПТЕРІ

www.ncoc.kz



03

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА БЕЙІЛДІК



2015 жылғы 25 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы 2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму саласындағы күн тәртібін ұсынды, соның ішінде жекелеген өзекті экономикалық, әлеуметтік және экологиялық міндеттерді шешуді көздейтін 17 тұрақты даму мақсатын (ТДМ) белгілеген.

Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер осы тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) өзінің даму жоспарларын әзірлеуге пайдаланады, ал NCOC сынды компаниялар осы мақсаттарға жетуге үлес қосады деп болжанып отыр. Осы есепте біз өз пікірімізше Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін кей тәсілдер туралы айтамыз. Жекелеген тараулар төменде берілген шартты белгілерге сай тиісті логотиппен белгіленген.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ

www.un.org





ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 1 КЕДЕЙЛІКТІ ЖОЮ

Әлеуметтік инвестициялық жобаларды іске асыру, халықтың әлеуметтік осал топтарына кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндіктерін беру және ауыл аймақтарында білім алу мүмкіндіктерін кеңейту арқылы **КЕДЕЙШІЛІКТІ ЖОЮ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ.**

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ АМАНДЫҚ

NCOC қызметкерлері, олардың отбасылары, мердігерлеріміз және жалпы алғанда қызметіміз жүргізілетін өңірлер тұрғындары арасында **САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАЙМЫЗ.**





ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 4 САПАЛЫ БІЛІМ

Жергілікті халықтың **САПАЛЫ БІЛІМ АЛУЫНА ЖӘНЕ КӘСІП ҮЙРЕНУІНЕ ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЯМЫЗ.**

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ БӘРІНІҢ ҚЫЗМЕТ САТЫСЫМЕН ӨСУІНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАЙМЫЗ, өтемақы төлемдері мен жеңілдіктер ұсынамыз.





ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ

Қызметімізді жүргізетін өңірлерде су тұшыту, су ресурстарын оңтайлы жұмсау, сарқынды суды тазарту және айналымды пайдалану технологияларын қолдану арқылы **ТҰЩЫ СУ ҚОРЛАРЫН САҚТАП КЕЛЕМІЗ.**

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

ОРНЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСЫП, баршаға лайық еңбек ету мүмкіндігін ұсынып келеміз.





ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 9 ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚЫЗМЕТІМІЗДІ ЖҮРГІЗЕТІН ӨҢІРЛЕРДЕ СЕНІМДІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУҒА, қоршаған ортаға зиянсыз әрі қауіпсіз технологиялар мен өндіріс процестерін барынша кеңінен енгізуге инвестиция құйып келеміз.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 12 ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Түзілетін қалдықтар мен атмосфераға тарайтын шығарындылар мөлшерін азайтып, энергия тиімділігін арттыруға ықпал ете отырып және нөлдік төгінді саясатын ұстана отырып, **ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ТҰТЫНУҒА ЖӘНЕ ӨНІМ ӨНДІРУГЕ СЕП БОЛЫП КЕЛЕМІЗ.**

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІМЕН КҮРЕС

Климат өзгеруіне тиетін **ӘСЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУҒА ҰМТЫЛЫП КЕЛЕМІЗ.**





ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 14 ТЕҢІЗ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ

ҚЫЗМЕТІМІЗДІ ЭКОЛОГИЯ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ЖӘНЕ ТИІМДІ ТҮРДЕ ІСКЕ АСЫРЫП КЕЛЕМІЗ, Каспий теңізінің бірегей биоәралуандығын сақтау мақсатында ғылыми білімді және зерттеу қызметіне арналған мүмкіндіктерді кеңейтіп келеміз.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 15 ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ

ҚЫЗМЕТ ЖҮРГІЗІП ЖАТҚАН ӨҢІРЛЕРДЕ КӨГАЛДАНДЫРУ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАП, биоәралуандықты сақтау іс-шараларын іске асырып келеміз.





ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР | 16 БЕЙБІТШІЛІК, СОТ ТӨРЕЛІГІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР

Қызметіміздің барлық аспектісінде шынайылық, адалдық және әділдік **ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНАМЫЗ.**

2 АШТЫҚТЫ ЖОЮ

7 ҚЫМБАТ ТҰРМАЙТЫН ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ

10 ТЕҢСІЗДІКТІ АЗАЙТУ

11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҰДДЕСІНДЕГІ СЕРІКТЕСТІК

04

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Мүдделі тараптармен қарым-қатынас – NCOC компаниясының күнделікті жұмысының маңызды бір бөлігі. Жиналыстар мен талқылау өткізу түріндегі қарым-қатынас өзара мақсаттарға жетуге ықпал етеді. Біз мүдделі тараптардың бәрімен ашық диалог құруға ұмтыламыз, оның аясында алаң тудырып отырған мәселелерге құлақ асып, проблемаларды талқылаймыз және оларды шешу жолдарын іздестіреміз.

Төмендегі кестеде мүдделі тараптардың негізгі топтары және олармен қарым-қатынас жасау тәсілдемелеріміз көрсетілген.



БІЗ БҰРЫНҒЫДАЙ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ ПЕН ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДАН БАСТАП, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ДЕЙІНГІ ТҮРЛІ ТОПТАРДЫҢ NCOC КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН КӨРІП ОТЫРМЫЗ.



04

Мүдделі тарап топтары	Ортақ мүдделер салалары
ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ	• Қоғамдастықтың тұрақты дамуы • Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет • Халықтың білімі және денсаулығы • Жұмысқа тұру мүмкіндіктері • Арыз-шағымдарды қарап, шешу • Демеушілік және қайырымдылық • Адам құқығы
ҮЕҰ	• Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет • Демеушілік және қайырымдылық • Халықтың білімі және денсаулығы • Жергілікті экономикаға үлес қосу • Әлеуметтік мәселелер • Климаттың өзгеруі • Ашықтық / ақпарат алмасу
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	• Жеңілдіктер • Кәсіби дамыту • Денсаулық пен еңбекті қорғау • Тең мүмкіндіктер, әралуандық • Адам құқығы
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР	• Адам құқығы • Экономикалық даму • Қауымның тұрақты дамуы • Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет • Климат өзгеруі • Әсерді бағалау • Халықтың білімі және денсаулығы
АКЦИОНЕРЛЕР	• Компанияның қызметі • Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет • Риск-менеджмент • Менеджмент тараптары
ЖАБДЫҚТАУШЫЛАР	• Жергілікті компаниялар бизнесін дамыту мүмкіндіктері • Өндірістегі қауіпсіздік • Адам құқығы • Жергілікті қамтуды дамыту • Өндіріс операцияларының сенімділігі

Өзара әрекет ету тәсілдемесі

- Жергілікті халықтың шағымдарын БҰҰ құқық жағынан қорғау құралдарына қол жеткізу қағидаттарына сәйкес басқарып, реттеу әрі бұл ретте ашықтықты, бақылау мен есепке алуды қамтамасыз ету.
- Жергілікті халықтың сұратымдарын жинап, ақпарат беретін арналар құру
- Әлеуметтік дамуға үлес қосуды көздейтін қызмет (демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы, ДЕҚҚОҚ туралы хабардарлықты арттыру науқандары және т.б.)
- Жоба туралы жаңалық алмасуға әлеуметтік желілерді, медиа платформаларын пайдалану

- Ой-пікір және тәжірибе алмасу үшін конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, ашық семинарларға қатысу
- Үкіметтік емес ұйымдармен әлеуметтік даму және қоршаған ортаны қорғау саласында ынтымақтасу
- Қоршаған ортаға тиетін әсерді бағалау жөніндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу
- Компанияның зерттеулері және ізденістері туралы ақпарат алмасу
- Демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы аясында тұрақты әлеуметтік жобаларды іске асыру және ұзақмерзімді серіктестік қарым-қатынас құру

- Қызметкерлердің заңды құқығы мен мүддесін, соның ішінде еңбегіне ақы алу, білім алу және оқып-үйрену, тынығу және демалыс, еңбекті қорғау салаларындағы құқығы мен мүддесін қорғау
- Қызметкерлердің кәсіби дамуына қолдау көрсету
- Денсаулық сақтау жөніндегі ерікті бағдарламалар аясында қызметкерлердің денсаулығын қолдауға қаражат бөлу

- Мемлекеттік органдардың өкілдермен және басшылармен жобадағы жұмыстар барысы туралы үнемі өзара әрекет ету
- Министрліктер мен орталық мемлекеттік органдардың ҚР заңнамасын және салаға қатысты техникалық құжаттарды жетілдіру жөніндегі жұмыс топтарына қатысу
- Әлеуметтік дамуға үлес қосу (демеушілік және қайырымдылық бағдарламалары, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар) арқылы жергілікті өңірлердің орнықты дамуына қолдау көрсету

- Компанияның негізгі жаңалықтары туралы ақпарат алмасу және акционерлердің сұрақтарына жауап беру үшін тұрақты жиналыстар (Акционерлер комитетінің) өткізу
- Бастапқы ақпаратты түсіну және кері байланыс жасау, сонымен қатар акционерлердің ұсыныстарын қабылдау үшін олармен тікелей коммуникация жасау

- Жабдықтау жүйесін іске асыру кезінде адам құқықтарын сақтау (мәжбүр еңбек, еңбек жағдайлары, алалау, қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі)
- Келісімшарт ережелері мен талаптары деңгейін көтеру
- Жабдықтаушыларға еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, адам құқықтарын сақтау саласындағы тәжірибеміз туралы ақпарат беру үшін олармен кездесулер өткізу
- Жергілікті қамтуды дамыту жұмысын жақсарту

ҚАШАҒАН КЕН ОРНЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҰҢҒЫМАСЫ



Солтүстік Каспий бойынша өнім бөлісу туралы келісім аясында мердігерлер алаңында табылған көмірсутегін барлап өндіру үшін 1999 жылы теңіз айдынында барлау ұңғымаларын бұрғылау жұмыстары қарқынды жүргізіле бастады.

2000 жылы «Сұңқар» бұрғылау қондырғысының көмегімен Шығыс Қашаған 1 атты алғашқы іздеу-барлау ұңғымасы ойдағыдай бұрғыланып, нәтижесінде Қашаған кен орнының шығыс бөлігінде көмірсутегі қорларының жаңа кен орны табылғаны туралы жарияланды. 2001 жылғы мамырда Қашаған кен орнының батыс бөлігінде Батыс Қашаған 1 атты екінші барлау ұңғымасы аяқталды. Осылайша, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде табылған көмірсутегі қорының көлемі әлемдік маңызы бар деңгейде екені расталды.



05

NCOC ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



МҰНАЙ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ

17,42 млн тонна

ГАЗ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ

11,25 млрд ст. м³

КҮКІРТ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ

1,42 млн тонна



	2020	2021	2022	2023	**2024**
ӨНІМ					
Мұнай өндіру көлемі (ұңғымалар сағасында), млн тонна	15,14	16,24	12,68	18,77	**17,42**
Газ өндіру көлемі (ұңғымалар сағасында), млрд м³	9,15	9,88	7,88	11,86	**11,25**
Олардың ішіндегі кері айдалатын көлемі, млрд ст. м³	3,81	4,31	3,92	5,83	**5,49**
Күкірт өндіру көлемі, мың тонна	1 322	1 372	991	1 486	**1 422**
Күкірт карталарында сақталып жатқан күкірттің жыл аяғындағы көлемі, мың тонна	1 594	1 696	1 775	1 347	**613**
ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ					
Ауыр жаралану және өлім-жітім саны[1], млн адам-сағатқа шаққанда	–	–	0,033	0	**0**
Технологиялық процестер қауіпсіздігіне байланысты I деңгейлі оқиғалар саны (API RP 754 құжатына сай[2])	0	0	1	0	**0**
Технологиялық процестердің қауіпсіздігіне байланысты II деңгейлі оқиғалар саны (API RP 754 құжатына сай[2])	0	0	0	0	**0**
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ					
Парник газдар эмиссиясы					
Тікелей шығарындылар (1-көлем), CO_2 эквивалентімен мың тонна[3]	3 035	3 190	2 427	3 100	**2 940**
Көмірқышқыл газы (CO_2), мың тонна	2 842	2 986	2 389	3 054	**2 904**
Метан (CH_4), CO_2 эквивалентімен мың тонна	184	196	21	25,6	**17**
Азот шала тотығы (N_2O), CO_2 эквивалентімен мың тонна	8,8	8,5	16,6	20,4	**18,9**
Жанама шығарындылар (2-көлем, импортталатын энергия), CO_2 эквивалентімен мың тонна[4]	7,5	7,8	7,8	7,9	**8,2**

1 2022 жылға дейін NCOC өндірістегі жарақаттар бойынша есептер әзірлеу үшін тіркелетін жаралану жағдайларының жалпы көлемі (ТЖЖД) және еңбекке уақытша қабілетсіз болып қалу оқиғалары жиілігі (ЕУҚОЖ) көрсеткіштерін қолданып келді. Өткен кезеңдегі ТЖЖД және ЕУҚОЖ бойынша деректер тиісті жылдардың Тұрақты даму туралы есептерінде берілген.

2 API RP 754 – Америка мұнай институтының практикалық ұсыныстары, олар мұнай-химия және мұнай өңдеу салаларының технологиялық процестері қауіпсіздігі көрсеткіштерін төрт деңгейге бөледі. I және II деңгейлер есепті жариялауға рұқсат береді. Қараңыз: **https://www.api.org**

3 Климат өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының бесінші бағалау баяндамасына сай CO_2 эквивалентін есептеуге қолданылатын жаһандық жылыну потенциалы коэффициенттері CH_4 – 28 және N_2O – 265.

4 Есептер электр энергиясын жанама тұтыну көлеміне сүйеніп, сұраныс тарабындағы шығарындылар коэффициентін қолдана отырып жасалады. Аталған коэффициент ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты (2012 жыл) шығарған «Электрэнергетикалық жүйелерге арналған шығарындылар коэффициентін есептеу әдістемесі» құжатына сай Еуропалық қайта құру және даму банкінің осы құжатқа жалғанған әдістемесіне (Lahmeyer International, 2012 жыл) сүйеніп, 2020 жылы Қазақстан электр жүйесі үшін (біріктірілген қорлар коэффициенті) 0,919 т CO_2-экв./МВт-сағ шамасына тең.

	2020	2021	2022	2023	**2024**
Парник газдар шығарындыларының қарқыны, өндірілетін мұнайға мұнай эквивалентімен 1 000 тоннаға шаққанда CO_2 эквивалентімен мың тонна (көлемі 1+2)[5]	149	148	147	127	**128**
Отын-энергетика ресурстарын тұтыну					
Жалпы тұтыну, млн гигаджоуль, ГДж[6]	43,14	43,45	35,08	44,31	**42,24**
Үлесті энергия тұтыну, өндірілетін мұнай көлеміне мұнай эквивалентімен тоннаға шаққанда ГДж	2,11	2,00	2,11	1,79	**1,83**
NCOC компаниясы экспорттайтын (импорттайтын) электр энергиясының жалпы көлемі, млн ГДж	(0,42)	(0,40)	(0,34)	(0,35)	**0,33**
Көмірсутектерді жағу					
Жалпы жағу көлемі, млн стандарт[7] $м^3$	47,2	34	48,5	35,07	**34,39**
Тұщы су					
Су алудың жалпы көлемі, мың $м^3$	812	871	839,5	795	**629,9**
Теңіз суынан өндірілетін тұщы судың жалпы көлемі, мың $м^3$	17,5	30,8	44,2	18	**22**
Су тұтынудың жалпы көлемі, мың $м^3$	762	871	839,5	795	**629,9**
Тұщы су тұтыну қарқыны, өндірілетін мұнай көлеміне мұнай эквивалентімен 1000 тоннаға шаққандағы тұтынылған судың тоннасы[5]	40	40	51	32	**26,79**
Беткі суға бақылап қалдық төгу					
Көмірсутек шикізаты, метрик тонна	0	0	0	0	**0**
Атмосфераға тарайтын шығарындылар					
Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ) шығарындылары, тонна	947	828	792	808,7	**790**
Күкірт диоксиді (SO_2) шығарындылары, тонна	14 899	11 161	14 395	11 096	**10 265**
Азот оксиді шығарындылары (NO_x), тонна	3 818	4 012	3 307	4 209	**4 025**

[5] Қарқындылық мәндері үшін қалыптандыру коэффициенті 2022 жылы мұнай эквивалентімен 16,60164 млн тоннаға (мұнай экв. тоннасы) тең. Бұл коэффициент Мұнай өнеркәсібі өкілдерінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық қауымдастығының «Мұнай-газ өнеркәсібіндегі тұрақты даму саласында ерікті есеп беру жөніндегі нұсқауының» 3-басылымында (2015 жыл), 37-бетте берілген экологиялық деректер үшін ұсынылған қалыптандыру коэффициенттеріне сай ұңғыма сағасында өндірілетін шикі мұнай, құрғатылған газ және газ конденсатын өндірудің (соның ішінде алауда жағылатын және отынға жұмсалатын газды қоса, бірақ қойнауқатқа айдалатын газды санамағанда) жалпы көлеміне сүйеніп мұнай экв. тонналарына шағып есептеледі. Шикі мұнайдың тоннаға шаққандағы физикалық көлемдері мұнай тоннасына шаққанда 1,018 мұнай экв. тоннасы коэффициентіне көбейту арқылы мұнай экв. тоннасына айналдырылады. Ілеспе газдың физикалық көлемдері 0,932 мұнай экв. тоннасы/мың ст. м3 коэффициентіне көбейту арқылы мұнай экв.тоннасына айналдырылады. Қайта есептеу коэффициенттері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 11 тамыздағы №160 бұйрығымен бекітілген «Отын-энергетикалық теңгерімді қалыптастыру және энергетика саласын сипаттайтын жекелеген статистикалық көрсеткіштерді есептеу бойынша әдістеменің» 2-қосымшасында көрсетілген.

[6] 1 мегаватт-сағ (МВт-сағ) = 3,6 гигаджоуль (ГДж)

[7] 20°C мен 1 атм. шамасындағы ст. $м^3$. Газды алауда жағу көлемдері туралы есептілік нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 1104 қаулысымен бекітілген.

	2020	2021	2022	2023	**2024**
Қоршаған ортаға төгілетін заттар					
Қоршаған ортада төгілген мұнай көлемі >1 баррель	0	0	0	0	**0**
Төгілген көмірсутек (мұнай) көлемі, тонна	0	0	0	0	**0**
Қалдықтар					
Утильденетін қалдықтардың жалпы көлемі, тонна	4 839	12 142	21 713	16 585	**13 294**
Соның ішінде жергілікті нормаларға сай қауіпті деп жіктелгендер, тонна	3 149	9 581	14 287	10 714	**7 766**
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛА					
NCOC компаниясындағы шетелдік мамандарды қазақстандық кадрлармен алмастыру					
Басшы және инженер-техник лауазымдардағы жергілікті қызметкерлердің пайыз үлесі	85	87	89	92	**92**
Администратор-техник лауазымдардағы жергілікті қызметкерлердің пайыз үлесі	95	97	95	99	**99**
Қызметкерлер арасындағы әйелдердің пайыз үлесі	32	30	30	29	**29**
NCOC компаниясының қаржылай қолдауымен оқып жатқан Қазақстан азаматтарының жиынтық саны, мың адам	19,3	22,2	24,3	26,2	**28,7**
NCOC компаниясының Қазақстан азаматы қызметкерлерін кәсіби оқыту-үйрету қарқынды курстарының жиынтық құны, млн АҚШ доллары	291	294	295	300	**304,5**
Жергілікті жабдықтаушыларға тауарлар, жұмыстар және қызметтерге төленген жиынтық төлемдер[8], млрд АҚШ доллары	15,3	15,9	16,6	17,3	**17,9**
Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, демеушілік пен қайырымдылыққа қосылған жиынтық жалпы үлес, Атырау және Маңғыстау облыстарында, млн АҚШ доллары	799	867	889	913,8	**945,7**

[8] Жергілікті тауарлар, жұмыстар және қызметтер анықтамасы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне сәйкес белгіленген «Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында» берілген.


LIEBHERR

06

ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

Өндірістегі қауіпсіздік – NCOC ұстанымының негізін қалаушы қағидат. Компания оқиғалар санын барынша азайтуды мақсат ететін Мақсатты нөлдік көрсеткішке жету бағытында ілгерілеуді 2024 жылы да жалғастырды. Біз оқиғалар санын одан әрі азайтуды және қауіпсіз болмайтын мінез-құлық пен қауіпті жағдайларға мүлдем жол бермеуді көздейтін тәсілдемені қолдана бердік. Әр қызметкер өз басының қауіпсіздігіне жауапты және осы міндетті орындау барысында оған ұйымымыздан жан-жақты қолдау көрсетіледі. Оған қоса қызметкерлеріміздің бәріне қауіпсіз болмайтын жағдайларды не әрекеттерді байқағанда кез келген жұмысты тоқтататындай міндет жүктеліп, өкілеттік берілген.

2024 жылы NCOC мақсатты нөлдік көрсеткішке жетуді көздейтін бағдарламамыз аясында ауыр жаралану және өлім-жітім жағдайлары (АЖ-ӨЖ) және технологиялық процестер қауіпсіздігіне



байланысты (I және II деңгейлі) оқиғалар бойынша көзделген негізгі нәтиже көрсеткіштерін (ННК) белгіледі. Сол мақсаттар орындалғанын мақтана хабарламақпыз. NCOC үздіксіз жетілу мақсатында оқиғалардың бәрін соның ішінде тіркелуге тиіс жаралану жағдайларын қадағалап отыр. Біз оқиғаларды тергеу нәтижелері бойынша алынған тәжірибені пайдалана береміз, бұл жұмыс орнындағы қауіпсіздік деңгейі артуына және қауіпсіздік мәдениетіміз нығая беруіне ықпал етеді.

2024 жылы біз қызметкерлер мен мердігерлердің бәрінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданып жүрген тәсілдемемізді жаңартып, адамның іс-әрекетіне басты назар аудара бастадық және қызметкерлердің бәріне ұйымымыздағы осы ұғымның мәнін анық жеткіздік. Біз әр қызметкердің жаңа нәрсені білуге деген талабын қолдаймыз және әрқашан машықтарымызды жақсартып, нығайта алатынымызға, сонымен қатар ой-пікірімізді еш нәрседен жасқанбай, еркін айтып, қателеріміз бен жетістіктерімізден сабақ ала алатынымызға сенеміз.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

www.ncoc.kz



2024 жылы еңбекті қорғау саласында өткен негізгі науқандар

2024 жылы NCOC жұмыс орындарындағы қауіпсіздік мәдениетін нығайту үшін еңбекті қорғау саласындағы бірқатар негізгі науқанды бастады. Бұл бастамалар қосалқы мердігерлер арасында қауіпсіз мінез-құлықты қолдауды, өз-өзіне аса сенімді болумен күресуді және қауіпсіздікті жақсартуды көздейді.

- «Араласу және қауіпсіз мінез-құлықты қолдау» науқаны 2023 жылғы желтоқсанда басталып, 2024 жылғы I тоқсан бойы жалғасты. Бұл міндетті бастама қауіпсіздік регламенттері және жұмыс орнындағы оң мінез-құлықты қолдау туралы хабардарлықтың артуына ықпал етті. Бағдарламаға қауіпті жағдайлар анықталғанда араласудың маңызын түсінуді нығайтуды көздейтін бірқатар мазмұнды сессиялар мен интерактив дәрістер қосылды.
- «Өз-өзіне аса сенімді болудың қаупі» науқаны: II тоқсанда біз көзге түспейтін, алайда қауіпсіздікке елеулі қатері бар өз-өзіне аса сенімді болу проблемасына баса назар аудардық.

НАҚТЫ МЫСАЛДЫ ТАЛДАУ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ КҮНІ МЕН ҚАУІПСІЗДІК АЙЛЫҒЫН АТАП ӨТУ

Жыл сайын NCOC Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнін атап өтеді және осы мүмкіндікті пайдаланып, қауіпсіздік негізгі құндылығымыз ретінде аса маңызды екенін және Мақсатты нөлдік көрсеткішке жету, яғни оқиғалар мен жарақаттарға мүлде жол бермеу керегін өз қызметкерлері мен мердігерлердің есіне салып тұрады. 2024 жылы әр қызметкерді әлдебір тапсырманы орындар алдында жұмыстың егжей-тегжейіне назар аударып, жұмыс жағдайлары мен өз іс-әрекеттерін ойластырып алуға ынталандыру үшін «Мен жұмысқа кірісерден бұрын...» тақырыбы таңдалған. Біз еңбекті қорғаудың осы негізгі қағидаттарына баса назар аудара отырып, жұмысымыздың әр аспектісінде қауіпсіздік саласындағы жоғары стандарттарды ұстанамыз.

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнін атап өту аясында ДЕҚҚОҚ тобы NCOC компаниясында Еңбек қауіпсіздігі айлығын, соның ішінде Компания нысандарының бәрінде еңбекті қорғау жөнінде бірқатар іс-шара ұйымдастырды. Бұл іс-шаралар қызметкерлердің еңбекті қорғау мәселелері бойынша хабардарлығын арттыруды көздейтін және тиімді қауіпсіздік мәдениетіне деген ортақ ұстанымымызды көрсетті. NCOC компаниясында Қауіпсіздік айлығы 2024 жылғы 5 маусымда салтанатты іс-шара болып ашылып, оған қауіп деңгейі жоғары

Адам өз-өзіне аса сенімді болып кетіп, қатерлерді толық бағаламаса не белгіленген ережелерді ұстанбаса, қауіпті дағды қалыптастырып алуы мүмкін. Осы науқан барысында біз күнделікті міндеттерді орындағанда да сақтық танытып, қауіпті факторларды ескеріп жүрген қаншалықты маңызды екеніне ерекше назар аударды.

- «NCOC компаниясындағы ауыр оқиғаларды талдау» науқанын қайта өткіздік: III тоқсанда рефлексиялық тәсілдемеге сүйене отырып, бұрын NCOC компаниясында болған бес ауыр оқиға талданды. Осы науқанның негізгі мақсаты сабақ болған оқиғаларды қарап шығып, келешекте ондайға жол бермеудің маңызын атап өту болды.
- «Қосалқы мердігерлердің ДЕҚҚОҚ саласын басқару» науқаны: IV тоқсанда қосалқы мердігерлер іске асырып жатқан жобалар аясындағы қауіпсіздік стандарттарын арттыруға баса назар аударды. Бұл науқанның мақсаты бизнес-серіктестермен жұмыс істейтін топтардың бәрінің ДЕҚҚОҚ саласындағы өз міндеттерін білуін жақсарту, компанияның еңбекті қорғау практикасын сақтауын арттыру және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты алдын алу тәсілін ілгерілету болды.

алаңдарда келісімшарт бойынша жұмыс істеп жатқан NCOC бизнес-серіктестерінің шамамен 250 өкілі қатысты. «Мен жұмысқа кірісерден бұрын...» тақырыбымен өткен іс-шара барысында жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің маңызы, басшылықтың міндеттемелері және тиімді қауіпсіздік мәдениеті қажет екені талқыланды. NCOC басқарушы директоры Джанкарло Рую барлық деңгейдегі тиімді менеджменттің, технологиялық процестер қауіпсіздігі мен қызметкерлер біліктілігінің Компанияның өндіріс операцияларының қауіпсіздігі мен тұтастығына сеп болудағы рөлін ерекше атап өтті.



06





ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ

Жұмыс орнындағы денсаулыққа төнетін қатерлерді қадағалау

2024 жылы NCOC жұмыс орнындағы денсаулыққа төнетін қатерлерді қадағалау бағдарламаларын жетілдіре беріп, Қазақстандағы алғашқы мұнай-газ компанияларының бірі болып жаңа нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес еңбек гигиенасына қатысты қатерлерді бағалау жұмысын жүргізді. Сол жұмыс еңбек жағдайлары қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы саласындағы қатерлерді бақылаудың тиімділігін растады.

Жұмыс орнында денсаулыққа төнетін қауіптерді қадағалау мақсатында NCOC өндірістегі мониторинг және қызметкерлерге тиетін күкіртсутек, радиация, шу, химиялық реагенттер және қауіпсіз емес тамақ өнімдері сияқты қауіпті факторлардың әсерін барынша азайту мақсатында денсаулыққа қатысты қатерлерді қадағалау бағдарламаларын іске асырды. 2024 жылы әсер мониторингі бағдарламасы аясында алынған өлшеулер мен сынамалар саны 11 374 болды, яғни 2020 жылғы 4 000 көрсеткішінен үздіксіз көбейгені байқалады. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі 799 тексеріс жасап қадағаланды, соның арқасында тамақтан ұшыну бойынша Мақсатты нөлдік көрсеткішке қол жетті, ал су сапасын қадағалауға 4 537 су сынамасы алынды.

NCOC сонымен қатар қызметкерлер денсаулығы жұмысқа жарамды екенін және алкоголь мен есірткі заттарды тұтыну жағынан тексеру, шаршауға байланысты туындайтын қатерлерді реттеу шараларымен қоса еңбек гигиенасы саласындағы қатерлерді қадағалауға арналған сенімді құралдар болуын қамтамасыз етті. 2024 жылы алкоголь тұтынуға қатысты 63 оқиға және есірткі заттарды тұтынуға қатысты 1 оқиға болған, олардың бәрі Alcoframe детекторымен тексеру секілді алдын алу шараларының арқасында бақылау-өткізу пункттерінде анықталған. Еңбекке жарамдылық стандарттарына сәйкестік 100% деңгейінде сақталды.

2024 жылғы жоспарлы алдын алу мақсатындағы жөндеу жұмыстары барысында денсаулықты қорғау саласындағы кешенді іс-шаралар тамақ өнімдері қауіпсіздігін және жоғары сапалы медициналық көмекті қамтамасыз етіп және денсаулыққа тигізетін әсерді барынша азайтып, қызметкерлердің амандығына сеп болды. Компанияның дәрігерлері 6 131 консультация, құрлық кешенінен 218, теңіз кешенінен 20 медициналық эвакуация жүргізді.

Еңбек гигиенасын қамтамасыз етумен қатар, NCOC қызметкерлері мен олардың отбасыларына жергілікті жабдықтаушылар арқылы медициналық қызмет көрсетіп, олардың тұрақты түрде медициналық тексеріс өтіп тұруына жағдай жасады. Денсаулығында күрделі проблемалар анықталған қызметкерлерге медициналық көмек бағдарламасы арқылы қолдау көрсетілді. Есту мүшесін қорғау бағдарламасының арқасында Компания аудиометриялық сынақтар, шу әсерін

зерттеу және қорғану құралдарын қолдануды үйрету арқылы жұмыс орнындағы шу деңгейін қадағалауды күшейтті.

Дене саулығы мен психикалық саулықты нығайту

NCOC қызметкерлердің өнімді еңбек етуге ықпал ететін физикалық және психикалық саулықты жақсарту бастамаларын іске асыра берді. Білім беру бастамалары мен дене шынықтыруды қолдау бағдарламалары қызметкерлерге салауатты өмір салтын ұстануға ынта берді. Компанияның вахта кенттерінің бәрінде түрлі спорт жарыстары өткізілетін спорт залдары мен алаңдар жабдықталды. Сонымен бірге спорт залдары мен фитнес-орталықтарда жаттығуға қаржылай қолдау жасалды. Еңбек демалысы кезінде сауығуға қолдау көрсету бағдарламасы да қызметкерлердің физикалық амандығын арттыруды көздейді.

Қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету бағдарламасы аясында тегін кәсіби психологиялық қолдау көрсетіледі. 2024 жылы 254 жеке психологиялық консультация өткізіліп, психикалық саулық жөніндегі 7 вебинарға 2 894 қызметкер қатысты. Орта есеппен алғанда бір сессияға 413 адам қатысқаны өзара әрекеттесу жоғары деңгейде болғанын көрсетеді.

NCOC компаниясы 2024 жылы қызметкерлердің саулығын қорғау бастамаларына тұрақты ден қоя отырып, денсаулыққа және еңбекке қауіпсіз жұмыс жағдайларын жасауға, денсаулыққа төнетін қатерлерді алдын ала қадағалауға және қызметкерлердің әл-ауқатын жан-жақты қолдауға деген ұмтылысын растады. Еңбек гигиенасын қатаң қадағалау, денсаулықты қорғау саласындағы профилактикалық бастамаларды, психологиялық қолдау бағдарламаларын іске асыра отырып, Компания қызметкерлердің денсаулығы мен олардың күйзеліске төзімділігін басты мақсат деп көздейтін жұмыс ортасын құрып келеді. Мұндай шаралар еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, ұзақмерзімді тұрақты дамуға, қызметкерлердің дені сау болып, жұмысқа белсене, құлшына атсалысуына сеп болып жатыр.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ АКТИВТЕРДІҢ ТҰТАСТЫҒЫ

Корпоративтік басқару жүйесі құрамындағы Технологиялық процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету процедурасында NCOC нысандарымыздың тұтастығын басқаруда жүгінетін ұстаным сипатталған. Технологиялық процестердің қауіпсіздігі жұмыс істеп жатқан нысандарға қатысты қолданылады және жаңа нысандардың жобасын жоспарлаудың ең басты кезеңінен басталады. Нысандар қауіпті факторларды және қатерлерді азайтуды ескеріп жобаланып, салынады. Қолданыстағы нысандарда техникалық тұтастықты және жобаға сәйкес жұмыс істеуді қамтамасыз ететін қорғану құралдары қарастырылған. Сонымен бірге нысандар есептелген режимге сай пайдаланылып жатыр. Құрылыс тұтастығын, техникалық тұтастықты және пайдалану тұтастығын қамтамасыз етуде басты орында әрқашан технологиялық қауіпсіздікті технологиялық процестердің қауіпсіздігіне байланысты оқиғалардың алдын алуды көздейтін басымдық деп білетін адамдар тұрады.

NCOC компаниясының технологиялық процестер қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдемесі

- NCOC технологиялық процестер қауіпсіздігі бойынша әлемдік стандарттарға жету үшін қатерлерді/қауіпті факторларды шығардан бұрын болжау және жою арқылы өндіріс операцияларымызға тән технологиялық процестердің қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді реттеуге ұмтылып келеді.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ



- Қызметкерлеріміз бұл қатерлерді біледі және құбыр желілерінің/жабдықтардың бүтіндігін қамтамасыз ету үшін жобалау, құрылыс және пайдалану/техникалық қызмет көрсету кезеңдерінде технологиялық процестердің қауіпсіздігіне қатысты өз рөліне байыпты қарайды, осылайша адамдарды, қоршаған ортаны, NCOC активтері мен беделін қорғайды.

- Технологиялық процестердің қауіпсіздік деңгейі негізгі нәтиже көрсеткіштері (ННК) мен алынған сабақтарға қарай бағаланады, олар үздіксіз жетілдіру, үнемі сақ болу және технологиялық процестердің қауіпсіздігіне байланысты қайталанатын немесе жаңа оқиғалардың алдын алу үшін басқару жүйесінде біріктіріледі.

Технологиялық процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету процедурасы – технологиялық процестер және олардың қауіпсіздігін басқару сипатталған құрылым. Ол төрт санатқа жиналған 20 элементті қамтиды.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БЕЙІЛ БОЛУ

- Технологиялық процестер қауіпсіздігі мәдениеті
- Стандарттар талаптарын сақтау
- Технологиялық процестердің қауіпсіздігі саласындағы біліктілік
- Қызметкерлердің атсалысуы
- Мүдделі тараптармен қарым-қатынас

ҚАУІПТІ ФАКТОРЛАР МЕН ҚАТЕРЛЕР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР БОЛУ

- Технологиялық процестер туралы білімді басқару
- Қауіпті факторларды анықтау және қатерлерді бағалау

РИСК-МЕНЕДЖМЕНТ

- Пайдалану процедуралары
- Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу практикасы
- Активтердің тұтастығы мен сенімділігі
- Мердігерлерді басқару
- Оқытып-үйрету және тиімділікті қамтамасыз ету
- Өзгерістерді басқару
- Пайдалануға дайындық
- Өндіріс операцияларын жүргізу
- Төтенше жағдайларды реттеу

АЛЫНҒАН ТӘЖІРИБЕНІ ЕСКЕРУ

- Оқиғаларды тергеу
- Басқару және сандық көрсеткіштер
- Аудит
- Басшылық тарапынан талдау және үздіксіз жетілдіру

Технологиялық процестер қауіпсіздігінің негізгі қағидаттары

NCOC компаниясында технологиялық процестер қауіпсіздігі саласындағы хабардарлық пен біліктілік деңгейін көтеру – негізгі міндеттеріміздің бірі. Біз өндірісте істейтін персонал

қауіпсіздік саласындағы аса маңызды міндеттерді орындағанда NCOC компаниясындағы технологиялық процестер қауіпсіздігінің негізгі қағидаттарын енгізіп, қорғану шараларын күшейте береміз. Технологиялық процестер қауіпсіздігінің негізгі қағидаттары технологиялық процестердің қауіпсіздігі саласындағы хабардарлық деңгейін арттыруды көздейтін қарапайым және орындалатын озық өндірістік тәжірибеден тұрады. 2023 жылы NCOC технологиялық процестер қауіпсіздігінің негізгі қағидаттары анықтамаларын Мұнай-газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы (IOGP) стандарттарына сәйкес жаңартты. Осы негізгі қағидаттар жоспардан тыс қауіпті заттек шығарылуының алдын алу мақсатында озық өндірістік практиканы қолдану жөнінде сүйенетін нақты нұсқауларды қамтиды. NCOC өз қызметкерлері мен мердігерлеріне осы қағидаттарды өндірістегі қауіпсіздіктің проблемалы мәселелерін анықтау және шешу үшін өткізілетін күнделікті талқылауларда пайдалануға ұсынады. Сонымен қатар қызметкерлеріміз өз лауазымдарында көзделген қауіпсіздік саласындағы негізгі міндеттерді орындауға қажет машықтарды меңгерсін деп, персоналдың біліктілік деңгейін арттырудың кешенді процесін енгіздік.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ



Технологиялық процестер қауіпсіздігінің көрсеткіштері

Саладағы стандарттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптары бойынша NCOC қажетіне қарай технологиялық процестер қауіпсіздігіне қатысты оқиғаларға баға беріп, олар туралы

хабарлап отырады. Бұрынғы оқиғалардан сабақ алғанымыз процестерімізде ескеріледі және келешекте ондай оқиғалардың алдын алуға сеп болады. NCOC технологиялық процестері қауіпсіздігінің көрсеткіштері 2024 жылы жоғары болды, елеулі зат төгілген жоқ, технологиялық процестер қауіпсіздігіне байланысты оқиғалар тіркелген жоқ.

Техникалық қорғаныш құрылғыларын бағалау

2024 жылы активтердің тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы бағдарламамыз аясында құрлық және теңіз кешендері нысандарындағы техникалық қорғаныш құрылғыларына баға берілді, аталған бағдарлама NCOC нысандарындағы техникалық тұтастық күйін көрсетуді көздейді. Қажетті іс-әрекеттердің орындалуы бақыланып, NCOC компаниясының технологиялық процестердің қауіпсіздігі жөніндегі жетекші комитетінің ай сайынғы жиналыстарында талқыланып, техникалық қорғаныш құрылғыларына баға беру қорытындылары бойынша іс-әрекеттер тізілімінде тіркелді.

ДЕҚҚОҚ аясындағы өндіріс қауіпсіздігі

ДЕҚОҚ аясында өндірістегі қауіпсіздік жөніндегі құжаттарды ресімдейміз және технологиялық процестер қауіпсіздігі саласындағы қауіпті факторларды анықтап, оларды алдын алу және қарсы тұратын қорғаныш шараларын қолдану арқылы реттеуге мүмкіндік беретін егжей-тегжейлі талдау әдісіне жүгінеміз. Осы қорғаныш тосқауылдар саладағы стандарттарға сәйкес болсын деп, үнемі тексеріп, сынақ өткізіп, техникалық қызмет көрсетіп тұрамыз. 2024 жылы теңіздегі кешенге қатысты ДЕҚҚОҚ құжаттамасы жаңартылып, нақтыланды. NCOC компаниясының ДЕҚҚОҚ саласындағы басқа құжаттамасы бойынша қосымша жұмыс істелді, соның ішінде құрлықтағы және теңіздегі кешендер бойынша қатерлерге сан тұрғысынан жаңадан баға беру жөнінде ауқымды жұмыс істелді.



Технологиялық процестер қауіпсіздігіне қатысты негізгі талаптар

Технологиялық процестер қауіпсіздігіне қатысты негізгі талаптарды (ТҚНТ) анықтау процесі салада болған технологиялық процестердің қауіпсіздігіне байланысты ірі оқиғалардың басты себептеріне назар аудару және кодекстер мен NCOC стандарттарында көзделген міндетті талаптардың бәріне сәйкес негізгі қорғаныш құрылғыларының ақаусыздығын қамтамасыз ету арқылы сол оқиғалардың қайталануына жол бермеу үшін қабылданған.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ

2024 жылғы қазанда NCOC теңіз және құрлық кешендеріндегі нысандарында жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізді.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстары абайсызда энергия немесе қауіпті заттар бөлініп кетуі салдарынан туған технологиялық процестер қауіпсіздігіне байланысты оқиғалардың алдын алу үшін, сонымен қатар жабдықтар сенімсіз әрі пайдалануға дайын емес болып шыққаны кесірінен жоспардан тыс бос тұрып қалу жағдайларын барынша азайту үшін жоспарлы алдын алу тәсіліне сүйеніп жүргізіліп жатыр.

Өндіріс операциялары 22 күн тоқтап тұрып, ешбір ауыр оқиғасыз аяқталды. Осы ауқымды жұмыстар барынша қарқынды жүргізілген кезеңде 5600 адам қатыстырылып, жұмыс көлемі 583 860 адам-сағат болды. Қатысқан жұмыскерлердің 80% Қазақстан азаматтары болды.

Техникалық қызмет көрсету барысында тұтастық және тозу бойынша қатерлерді азайту үшін бірқатар аса маңызды жобалар, соның ішінде төменде көрсетілген шаралар орындалды.

D аралында дербес тереңдік манометрі орнатылды, ол ұңғымадан кезекті техникалық қызмет көрсету барысында шығарып алынады. Алынған деректерді пайдаланып, NCOC қалқатас тұтастығын сақтай отырып, газды кері айдау мөлшерін арттыру мәселесін қарастыра алады.

Тағы бір орындалған маңызды жобада теңіз кешеніндегі лезде буланатын газ компрессорларын басқару жүйелерін жаңғырту көзделді. NCOC қосымша жетілдіру және жалпы жүйе тұтастығын арттыру мүмкіндігін пайдаланды.

Осы жаңғыртудың арқасында жүйенің пайдалануға дайындығы мен функционалдық қауіпсіздігі деңгейін арттыру мүмкін болып, анағұрлым сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайы жасалды. Басқару жүйелерін жаңғырту байланыс тұтастығы мен қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етіп, кейінгі өндіріс операцияларына берік негіз қалады.

Сонымен бірге NCOC D аралында диаметрі 28" күкіртті мұнай құбырында құбыр желісін оқшаулауға арналған арнайы интрузив емес Smart Plug құралын пайдаланды. Солтүстік Каспий жобасында алғаш рет қолданылған осы инновациялық шешім екі негізгі клапанда аса маңызды жөндеу жұмысын орындауға мүмкіндік берді. Бүкіл әлемде ластаушы заттардың толық жойылуы мүмкін болмайтын жағдайларда қолданылатын SmartPlug® технологиясы аса маңызды жөндеу және алмастыру жұмысын орындау кезінде өндірісті барынша тоқтатпауға септеседі.

2024 жылы «Болашақ» МГКДҚ нысанында кіреберіс газ сепараторын ауыстыру жұмысы ойдағыдай орындалды. Кіреберіс газ сепараторы – газ дайындау қондырғысы құрамындағы газ бен конденсатты айыру және әлдебір конденсат жиналып қалатын жағдайда буфер көлем жасауға қажет бастапқы қондырғы.



«СҰҢҚАР» БҰРҒЫЛАУ БАРЖАСЫ



«Сұңқар» баржасы Қашаған кен орнында қолданылған алғашқы бұрғылау қондырғысы және сол кездегі Каспий теңізінің қатал қоршаған ортасында бұрғылауға қабілетті әлемдегі ең үлкен бұрғылау баржасы болды. Тайыз суда бұрғылауға арналған жаңғыртылған «Сұңқар» баржасының ұзындығы 96 м, ені 54 м және шөгімі 5,4 м және ол тау жынысынан салынған берманың үстіне шөгіп тұрады. Бастапқыда тайыз батпақты жерлерде жұмыс істеуге арналған бұл қондырғы бұрғылау жұмыстары алдында Астрахандағы кеме жасау верфінде тек арктикалық суықта және күкіртсутегі мөлшері жоғары болатын жағдайда ғана емес, сонымен қатар, кен орны мемлекеттік табиғи резерваттың аумағында орналасқандықтан, қатаң экологиялық нормаларға сай жұмыс істеу үшін едәуір өзгертілді. Оған күрделі құрылымдық жаңғырту мен жабдығын жалпы түрде қысқы жағдайларда пайдалануға дайындау қажет болды.

Жеткізу жұмыстарының көлемі мен жалпы көміртегі ізін азайту үшін платформаның құрылымына барынша үлкен көлемді сақтау қазандары мен баржаны шөктіруге және оның бұрғылау жұмыстары барысында орнықты тұруын қамтамасыз ету үшін су толтыруға арналған балласт қазандарын енгізу қажет болды.



2024

07

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

14 ТЕҢІЗ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

15 ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ





БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРАЛУАНДЫҚТЫ САҚТАУ

Солтүстік Каспий – бірегей флора мен фаунаға бай, экологиялық жағынан сезімтал аймақ. Каспий теңізі мен жағалау аумақтарының биологиялық әралуандығын сақтау – NCOC қызметінің ажырамас бөлігі. Біз өндіріс қызметімізді жоспарлағанда қоршаған ортаға тиетін әсердің алдын алуға, ол мүмкін болмаса, оны барынша азайтуға ұмтыламыз және табиғи биожүйелердің әралуандығын сақтай отырып, оны қалпына келтіру бастамаларына қаржылай және басқа да қолдау көрсетеміз. NCOC қоршаған ортаға тиетін әсерге баға беру процедурасы аясында қоршаған орта күйін экология тұрғысынан зерттеу жұмыстарын, «Қашаған» кен орнын игеру нәтижесінде табиғатқа тиетін әсерге мониторинг жүргізіп жатыр.

НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҒЫМЫЗ – ТАБИҒИ БИОЖҮЙЕЛЕРДІҢ АЛУАНДЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ЭКОЖҮЙЕНІ ӨЗІН-ӨЗІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ҚАБІЛЕТІНЕ ҚАУІП ТӨНДІРМЕЙ ҰҚЫПТЫ ПАЙДАЛАНУ.



Биоәралуандықты сақтау шаралары

NCOC өндіріс операцияларын жоспарлау және іске асыру барысында биоәралуандыққа әсер ету салдарын жеңілдету (алдын алу/барынша азайту және қалпына келтіру/орнын толтыру) шараларын қолданып отыр. Төменде жоба аясында орындалып жатқан негізгі әрекеттер сипатталған.

Әсердің алдын алу/азайту

- Жоба шешімдеріндегі заманға сай технологиялар:
  - итбалықтарды ертерек тауып, оларды қағып кетудің алдын алуға арналған оптикалық және инфрақызыл жүйелер;
  - барынша аз шөгетін теңіз кемелері;
  - су алу орындарындағы балықты қорғау құрылғылары;
  - зат төгілуінің алдын алудың қосымша жүйесі;
  - құстарды қорғау және үркіту құрылғылары;
  - шаңды басу.
- Әсерді бағалау, соның ішінде нысандардың орналасу орны мен конфигурацияларын таңдау үшін фон зерттеулер жүргізу.
- Табиғи беткі су қоймаларына «нөлдік төгінді» қағидатын сақтау.
- Мұнай төгілуінің алдын алу жоспары.
- Экологиялық жағынан сезімтал (балықтар уылдырық шашатын, құстар мен Каспий итбалығы көбейетін және мекендейтін) аймақтарда белгіленген шектеулерді сақтау (жұмыстарды тоқтата тұру, логистикалық маршруттар мен кестелерді оңтайландыру, арнайы рұқсат құжаттары және Каспий теңізіне флора мен фауна нысандарын байқамай көшіріп жіберуге жол бермеу үшін жүргізілетін зерттеулер).
- Суыту жүйелерінен шығатын қайтпа теңіз суының температурасын бақылау.
- Каспий теңізінің Қазақстан секторындағы қорық аймағының экологиялық сезімталдық атласын жасау.
- Көгалдандыру жұмыстары.

Қалпына келтіру / қаржылай және басқа да қолдау

Мемлекеттік уәкілетті органмен арадағы келісім бойынша балық ресурстарына/биотаға тимей қоймайтын зиянның орнын толтыру іс-шаралары Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауытын жаңғырту жөніндегі жоба-смета құжаттамасын әзірлеуді қаржыландыруды қамтиды.

Әсер ету көрсеткіштері және оны бақылау

Компания орнитофауна шоғырланған орындарды анықтау үшін жыл сайын жаяу және авиасанақ жүргізеді. 2024 жылы авиасанақ маршруттарының жалпы ұзындығы 8 000 шақырымнан асты. Зерттеу жұмыстары кезінде Қызыл кітапқа енген құс түрлерінен бұйра және қызғылт бірқазандар, қоқиқаз, сұңқылдақ аққу, аққұйрық субүркіт, кіші аққұтан, жалбағай, қарабас өгізшағала және басқа да құстар ұшырасты. 2024 жылы құстардың жалпы популяциясы айтарлықтай өзгерген жоқ. 2024 жылы құстардың мынадай (шамамен) саны тіркелді: көктемде 106 271, жазда 104 717, қыркүйекте 421 026 және қарашада 494 335.

Каспий теңізі деңгейі әлі де төмендеп бара жатқандықтан, экологиялық өзгерістер салдарынан құстардың мекендеу орындары ауысып кетті.

СОЛТҮСТІК КАСПИЙДЕ КАСПИЙ ИТБАЛЫҒЫ ПОПУЛЯЦИЯСЫН КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУ

«2020–2024 жж. Солтүстік Каспийдің қазақстандық және ресейлік акваториясында Каспий итбалығының санын, таралуын және табиғи көбеюін бағалау» бірлескен Қазақстан-Ресей бағдарламасы аясында қыста және көктемде мультиспектр (инфрақызыл) видео- және фото түсіру арқылы Каспий итбалығына авиасанақ жүргізілді. Қазақстан секторындағы авиасанақ маршруттарының жалпы ұзындығы 14 044 км болды.

Популяцияның жалпы саны 277 999 бас болды, бұл алдыңғы жылдағымен салыстырғанда 6,5% көп. 2019–2024 жылдар аралығында итбалықтардың қоныс аудару жолдарын анықтау және оларды қашықтан бақылау үшін 53 жерсеріктік радиомаяк орнатылды. Морфометриялық, токсикологиялық, вирусологиялық, молекулалық-бактериялық, микробиологиялық, генетикалық зерттеулер орындалды.

2022–2024 жылдар аралығында Атырау және Маңғыстау облыстарындағы фаунаға мониторинг зерттеу жүргізу барысында осы өңірлерде омыртқасыздардың 354 түрі, қосмекенділердің 2 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 9 түрі (1 түрі ҚР Қызыл кітабына енгізілген), құстардың 153 түрі (11 түрі ҚР Қызыл кітабына енгізілген) және сүтқоректілердің 29 түрі мекендейтіні расталды. Жануарлар әлемінің күйіне жүргізілген мониторинг нәтижелері, фауна өкілдерінің саны мен түр алуандығы деңгейін талдау қорытындылары бойынша компанияның өндіріс нысандарының фауна кешеніне тигізетін елеулі теріс әсері анықталған жоқ.

Каспий итбалығы Солтүстік Каспий мұздарында күшіктейді, күшіктерін емізеді, шағылысады және түлейді. 2024 жылғы қысқы навигация кезінде итбалықтар күшіктейтін тұста «Тұлпар» мұзжарғыш кемесі Қашаған кен орны мен Баутиндегі теңіз операцияларын қолдау базасы (Баутин базасы) арасында 5 рейс орындады. Итбалықтарды қадағалаушы мамандар мен мемлекеттік орган өкілі үлкенді-кішілі 7 086 итбалықты тіркеді. Орындалған алдын алу шаралары нәтижесінде қысқы навигация кезінде мұзжарғыш кемелер итбалықтарды, соның ішінде олардың күшіктерін қағып кеткен бірде-бір оқиға тіркелген жоқ.

2023 жылдан бері су түбін тереңдету жұмыстары орындалған алаңдарда биота мен теңіз түбіндегі шөгінділердің қалпына келуін қадағалау жұмысы жүргізіліп жатыр. Орындалған зерттеу нәтижелері 2024 жылғы жағдай бойынша теңіз биотасы фон көрсеткіштеріне дейін қалпына келгенін көрсетіп отыр және жоба құжаттамасындағы бағалар мен болжамды деректер ҚОӘБ материалдарымен салыстырғанда негізді екенін растады.

КӨГАЛДАНДЫРУ

2024 жылға қарай NCOC ауданы 248 гектар бөлінген алаңда ағаш егу жұмысын, сонымен қатар қоршау орнату, суару құбырларын тарту, электр сорғыларын орнату және техникалық күтім жасау жұмыстарын орындады. 2025 жылы Соколок арнасы маңындағы ауданы 60 гектар алаңда тағы да ағаш егу жоспарланып отыр.

2024 жылдың аяғына қарай Компанияның көгалдандыру жобасы аясында мына алаңдарда техникалық қызмет көрсету жұмысы жүргізілді:

- *Береке шағын ауданы — 73 га;*
- *Еркінқала шағын ауданы — 21 га;*
- *Мақат ауданы, соның ішінде Доссор — 20 га;*
- *Соколок арнасы — ауданы 134 га алаңда ағаш егу.*



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ



ТҰЩЫ СУ

БҰҰ бағалауына қарай, Қазақстан – су тапшылығы деңгейі жоғары (25–50%) аймақ. NCOC басты міндеттерінің бірі – тұщы су негіз қалаушы әлеуметтік, табиғи және экономикалық ресурс ретінде аса құнды екенін ескере отырып, суды оңтайлы тұтыну.

Құрлықтағы кешен нысандары беткі тұщы су қорлары өте шектеулі өңірде жайғасқан. Ыза суда минералдану деңгейі жоғары және су көзі ретінде пайдалануға келмейді. Компанияның Атырау

САРҚЫНДЫ СУДЫ ТАЗАРТАТЫН ЖАҢА ҚОНДЫРҒЫ

Сарқынды суды тазарту қондырғысы 2023 жылдан бері қолданылып келеді. Астрахань–Маңғыстау құбыр желісінен алынатын тұщы су мөлшері 2023 жылғымен салыстырғанда 25% азайған.



07

облысындағы құрлықтағы нысандарына тұщы су жеткізу көзі – Астрахань–Маңғыстау су құбыры (ҚТО). Астрахань–Маңғыстау су құбырынан тұтынылатын тұщы су көлеміндегі NCOC компаниясының үлесі – 3%. Компанияның Маңғыстау облысындағы құрлықтағы және теңіздегі нысандарында тұшытылған теңіз суы пайдаланылады.

Компания нысандарында Астрахань–Маңғыстау құбыр желісінен алынған тұщы суды үнемдеп жұмсау мақсатында мынадай шаралар көзделген:

- технологиялық қондырғылардан шығатын өндірістік сарқынды суды қайта айналдыру жүйесінен өткізіп, тазартып жұмсау;
- шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суды тазартып қайта жұмсау;
- сүзгілерді шайғаннан кейінгі тазартылған суды Батыс Ескене теміржол кешенінде (БЕТК) өрт сөндіруге арналған су резервуарларына құю не өндіріс қажетіне қайта жұмсау;
- қойнауқат суын мұнай шламын құрғату және бейтараптандыру кешенінде техникалық су ретінде қайта жұмсау.

Қазір Компания су ресурстарын реттеу жөніндегі ұзақмерзімді стратегиясын әзірлеп жатыр.

NCOC компаниясының су алуы

Параметрлер	2023	2024
Жалпы су алу, мың м³	**795,01**	**629,9**
Тұщы су, мың м³	764,65	600,9
Басқа су, мың м³ (муниципалдық жүйелерден, сатып алынатын тұщы су)	30	29

Ескертпе: теңізден алынатын су көлемі Мұнай-газ секторындағы тұрақты даму саласында ерікті есеп беру жөніндегі нұсқауға сай жалпы су алу балансына қосылмаған.

NCOC компаниясының суды қайта пайдалануы

Параметрлер	2023	2024
Суды қайта пайдалану, мың м³ (тұщы және қойнауқат суын)	758,9*	809,8*
Жалпы тұщы сумен жабдықтау көлемінен %	49	56

*Ескертпе: * – соның ішінде 92 156 м³ шаруашылық-тұрмыстық сарқынды су Маңғыстау және Атырау облыстарындағы құрлықтағы нысандарда жасыл желек суаруға, шаңды басуға және теңіздегі нысандарда шаруашылық-тұрмыс қажетіне жұмсалды.*

2024 жылы тұщы су тұтыну қарқыны көрсеткіші көмірсутек өнімінің 1000 тоннасына шаққанда 26,79 м^3 болды, бұл Мұнай-газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы Компаниялар үшін Еуропадағы активтер мен қызметке қатысты белгілеген мәндер деңгейіне сәйкес келеді (41-31 (МГӨХҚ, 2019-2023 ЕО) (41–39 (МГӨХҚ, 2019-2023 ЕО)). Бұл көрсеткіш мұнай эквивалентімен көмірсутек өнімінің 1000 тоннасына шаққанда 27 тонна суға тең болды[10].

NCOC компаниясының теңіздегі нысандарында сатып алынатын тұщы сумен қатар (2024 жылы 0,584 мың м^3) теңіз суы пайдаланылады. Теңіз суы алынатын орындарда балық қорғау құрылғылары орнатылған.

NCOC компаниясының теңіз суын тұшытуы

Параметрлер	2023	2024
Теңіз суын алу, мың м^3	69	81
Қайтпа теңіз суы, мың м^3	51	59
Тұщы су, мың м^3 (тұшытылған теңіз суы)	18	22

2024 жылы алынған теңіз суының жалпы көлемі[11] 2023 жылғымен салыстырғанда 17% көбейді (12 000 м^3). Су алу көлемі артуына 2024 жылы Компания нысандарына техникалық қызмет көрсету жұмыстарына қажетіне қарай қосымша теңіз суы алынғаны себеп болды.

СУ ҚОЙМАЛАРЫНА ҚАЛДЫҚ ТӨГУ

NCOC компаниясы табиғи беткі су қоймаларына, соның ішінде Каспий теңізіне қалдық тастамауды және сарқынды су төкпеуді қамтитын нөлдік төгінділер саясатын ұстанады. Ластанған сарқынды су мен қалдықтар жиналып, одан әрі өңдеу үшін Маңғыстау облысының Баутин ауылындағы теңіз операцияларын қолдау базасына әкетіледі.

9 А.34 кестесі, **https://data.iogp.org/Environment/Water**

10 Қарқындылық мәндері үшін қалыптандыру коэффициенті 2023 жылы мұнай эквивалентімен 24,730 млн тонна (мұнай экв. тонна) болды. Бұл коэффициент Мұнай өнеркәсібі өкілдерінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық қауымдастығының «Мұнай-газ секторындағы тұрақты даму саласында ерікті есеп беру жөніндегі нұсқаудың» 3-басылымында (2015 ж.), 37-бетте берілген экологиялық деректер үшін ұсынылған қалыптандыру коэффициенттеріне сай ұңғыма сағасында өндірілетін шикі мұнай, құрғақ газ және газ конденсатын өндірудің (соның ішінде алауда жағылатын және отынға жұмсалатын газды қосқанда, бірақ қойнауқатқа айдалатын газды санамағанда) жалпы көлеміне сүйеніп мұнай экв. тоннаға шағып есептеледі. Шикі мұнайдың тоннаға шағып есептелетін заттай көлемдері мұнай тоннасына шаққанда мұнай экв. 1,018 тонна коэффициентіне көбейту арқылы мұнай экв. тоннасына айналдырылады. Ілеспе газдың заттай көлемдері мұнай экв. 0,932 тонна/мың ст. м3 коэффициентіне көбейту арқылы мұнай экв. тоннаға айналдырылады. Қайта есептеу коэффициенттері ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 11 тамыздағы No 160 бұйрығымен бекітілген «Отын-энергетикалық теңгерімді қалыптастыру және энергетика саласын сипаттайтын жекелеген статистикалық көрсеткіштерді есептеу бойынша әдістеменің» 2-қосымшасында көрсетілген.

11 Алынатын теңіз суының көлемі техникалық суды (теңіз суын) тұшыту қондырғыларына және су сорғыларының қажеттігіне жөнелтілетін су көлемінен тұрады.

NCOC Солтүстік Каспийдің мемлекеттік қорық аймағы шектерінде ластанбаған теңіз суын, соның ішінде суыту жүйелерінен, тұшытқылардан, өрт сөндіру жүйелерінен шығатын қайтпа су мен балласт суын төккенде қолданылатын заңнама мен мониторинг талаптарына сүйенеді. D аралындағы ластанбаған теңіз суы Каспий теңізі деңгейінің төмендеуіне байланысты су көлемін қайта айналдыру үшін су алу бассейніне жөнелтіледі (шлюз бекітпелері үнемі жабық тұрады). Тұрғын баржалардан келетін ластанбаған теңіз суы теңізге ағызар алдында тазартылады.

Кемелер қозғалысын реттеу және кемелер мен баржаларға қатысты талаптар Халықаралық теңіз ұйымдарының конвенциялары аясында орындалады. Кемелер мен баржалардың бәрі танылған жіктеу қоғамдары стандарттарына және ХТҰ/МАРПОЛ конвенциялары талаптарына сәйкес салынған. Кемелер мен баржалар ХТҰ номері бойынша салынып, тіркеледі, қызмет ететін бүкіл мерзімі бойына қадағаланады. Жіктеу қоғамдары Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитетінің тапсырмасы бойынша кезеңдік (жыл сайынғы, аралық және 5 жылда бір рет) тексерулер, куәландыру және сертификаттау жұмыстарын жүргізеді.

Атырау облысы аумағындағы теңіздегі нысандарға қатысты бекітілген Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес операциялық мониторинг аясында нысандарда, соның ішінде жылдың көп бөлігінде теңіз нысандарына жақын тұрған кемелерде (жүзбе тұрғынжайларда – ЖТЖ) суыту жүйелері мен тұшыту қондырғыларынан шығатын қайтпа суды қадағалау қарастырылған. Операциялық мониторинг нәтижелері бойынша, қайтпа су сапасы Каспий теңізі суы сапасының өзгергіштік көрсеткіштері шегінен аспаған, тіпті одан төмен болған.

Компания өзінің құрлықтағы нысандарында гидрооқшаулағыш төсемі бар булану тоғандарын өндірістен шыққан сарқынды суды тазартып жұмсаудың анағұрлым қауіпсіз әдісі деп пайдаланады.

Гидрооқшаулағыш жабыны бар булану тоғандарына су төгу

Компания өзінің құрлықтағы нысандарында сарқынды суды тазартудың бірнеше сатысын қолданады, олар: мұнайдан су бөлетін кіреберіс сепараторы, құм мен қойыртпақты ажыратын гидроциклондар, мұнай өнімдері мен қалқыма қатты заттектерді айыратын арынды газбен қалқыту қондырғысы, жаңғақ қабығы қосылған сүзгілер, скрубберлер мен ұшпа компоненттерді жоятын булау бағаны, тотықтырып, ажыратып, тұндырып және сүзіп тазарту, қалдық мұнай өнімдерін тұтып қалатын орталандырушы тұндыру (айыру, аэрация, қалқыту, сүзу және тұндыру) ыдысы. Содан кейін тазартылған сарқынды су ластаушы заттектердің топыраққа сіңуіне және ыза суға құйылуына жол бермейтін гидрооқшаулағыш жабын төселген булану тоғандарына барып түседі. Бұл – тазартылған өндірістік сарқынды суды пайдалану жағынан қолданылып жатқан әдістердің анағұрлым қауіпсіз түрі.

Компания булану тоғандарына төгіп жатқан заттектер концентрациясы белгіленген нормативтерден асқан жоқ және орташа алғанда 10-41% аралығында болды, бұл 2024 жылға белгіленген деңгейден төмен.

Компания булану тоғандары маңындағы ыза су, топырақ және атмосферадағы ауа сапасына өндірістік экологиялық бақылау жүргізіп жатыр. Төменде кейінгі жылдардың нәтижелері берілген.

Параметрлер		Зертханалық зерттеу нәтижелері (2021-2024)	Сапаның экологиялық нормативтері (жұмыс аймағы / елді мекендер)	Қорытынды
Ауа	Көмірсутектер С12–С19, мг/м^3	**≤0,5**	0/1	Жұмыс аймағы мен елді мекендерге арналған қоршаған орта сапасы стандарттары шектерінде
	H_2S, мг/м^3	**≤0,113**	10/0,008	
	CH_3SH, мг/м^3	**≤0,0003**	0,8/0,006	
	SO_2, мг/м^3	**≤0,02**	10/0,5	
Топырақ	0-5 см тереңдегі мұнай өнімдері, мг/кг	**≤10,33** (2022 жылғы күзде 34,83)	1000	
Ыза су	Мұнай өнімдері, мг/л	**≤0,025** (2021 ж. 1-тоқсанда 0,096)	–	Ыза су сапасы кейінгі жылдары өзгерген жоқ

ҚАРАПАЙЫМ КҮКІРТКЕ ҚАТЫСТЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Күкірт сақтау қоймасы жобасы бойынша ҚОӘБ материалдарына сәйкес «Болашақ» МГКДҚ-да ілеспе газдан өндірілетін қарапайым күкірт 95,6 °С төмен температурада тұрақты қатты кристалл заттек, яғни сол өңірге тән қоршаған орта жағдайларында уытты емес, сумен және ауамен реакцияға түспейді және МЕМСТ 127.1-93 9998 талаптарына сәйкес келеді.

Қышқыл газ өңдеу, күкіртпен қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу Компания үшін аса маңызды мәселе болып отыр. Компания құрамында күкіртсутек (H_2S) мөлшері көп ілеспе газды қойнауқатқа кері айдау арқасында кен орнындағы қарапайым күкірт өндірілуін барынша азайтып отыр. Өндіріліп жатқан газдан қарапайым күкірт өндіру тиімділігі 99,9% болып отыр, ал күкіртсутек пен басқа да күкірт қосылыстарының қалған кез келген көлемі қалдық газды тазарту қондырғысының термик тотықтырғышында жоғары температурада толық жанып, SO_2 бөлінеді. «Болашақ» МГКДҚ-да жанама өнім ретінде түзілетін сұйық күкірт өңделіп, тауар сапалы түйіршік күкірт болып экспортқа шығады. Алаң оқшауланған және ыза судың енуіне жол бермеу үшін дренаж жүйесімен жабдықталған, сонымен қатар бүкіл аумақта өрт және газ дабылдама жүйесі қойылған. Күкірт экспорттау мүмкін болмаса, сұйық күкірт кейін уатылып, экспортталатын болып күкірт карталарына құйылады.

NCOC 2022 жылдан бері күкірт уату және нарыққа кесек күкірт экспорттау арқылы жиналған күкірт көлемін азайту шараларын орындап жатыр (кесек күкірт экспорты – 830 458 тонна немесе 2024 жылы өндірілген күкірт көлемінің 58% болды). Компания қоршаған ортаға тигізетін әсерін барынша азайту үшін күкірт уату кезінде күкірт карталары қабырғаларының бүтіндігіне сеп болатын шаңды басу технологияларын енгізіп, жоба-техника құжаттамасына сәйкес шаңды басу жүйесі мен желден қорғайтын экранды пайдаланып келеді.

2024 жылы өндірілген қарапайым күкірттің 93% (1 422 мың тонна) түйіршік өнім ретінде экспортқа жөнелтілді. Күкірт көлемінің қалған 7% (96 мың тонна) күкіртті экспорттау мүмкіндігі болмаған қысқа мерзімді кезеңге күкірт карталарына жайғастырылды.

2024 жылы күкірт карталарында 2024 жылдың басына қарағанда шақта 1 347 мың тонна көлемінде жинақталған күкірттің 830 мың тоннасы уатылып, экспортқа жөнелтілді.

Әсер ету мониторингі

Компания күкірт карталары төңірегіндегі ыза су, топырақ және атмосферадағы ауа сапасына өндірістік экологиялық бақылау жүргізіп жатыр. Эмиссияларды және қоршаған ортаға тиетін әсерді бақылау нәтижелері қоршаған орта сапасы жүргізілген бағалауға және қолданылып жатқан нормативтерге сәйкес екенін растап отыр.

Параметрлер		Нысандар іске қосылғанға (2016 жылға дейін) дейінгі нәтижелер	Нысандар іске қосылғаннан кейінгі нәтижелер (2017–2024 жылдар)	Қоршаған орта сапасы стандарттары (жұмыс аймағы / елді мекендер)	Қорытынды
Ауа	Қарапайым күкірт, мг/м^3	≤0,03	**≤0,03**	6/0,07	Жұмыс аймағы мен елді мекендерге арналған қоршаған орта сапасы стандарттары шегінде
	H_2S, мг/м^3	≤0,003	**≤0,003** (2023 ж. 4-тоқсанда 0,007)	10/0,008	
	SO_2, мг/м^3	≤0,01	**≤0,01** (2020 ж. 4-тоқсанда 0,0202)	10/0,5	
Топырақ	0-5 см тереңдегі қарапайым күкірт, мг/кг	≤80	**≤84,4** (2023 жылғы күзде 128,8)	160	
Ыза су	Сульфидтер, мг/л	≤0,002	**≤0,002** (2017 ж. 2-тоқсанда 0,0336)	–	Ыза су сапасы бастапқы деңгейден өзгерген жоқ

ПАРНИК ГАЗДАРҒА ЖАТПАЙТЫН АТМОСФЕРАЛЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАР

Шығарындылар

Шығарынды көздерін түгендеу атмосфераға қандай және қанша заттек шығып жатқанын анықтауға мүмкіндік береді және компания сол ақпаратқа сүйеніп, шығарындыларды азайту жоспарларын әзірлеп жүр.

ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ



Қашаған кен орнын игеру жобасы бойынша өндірілген газдың бүкіл көлемі қойнауқатқа кері айдалады, өнеркәсіпте пайдалану мақсатында қарапайым күкірт болып өңделеді, отынға жұмсалады немесе экспортталады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына сәйкес уақытша техникалық себептерге байланысты (мысалы, іске қосу-реттеу жұмыстарына, өндірістік операцияларға, өндірістегі іркілістер салдарынан мезгіл-мезгіл алауға жіберіп тұруға және т.б. байланысты) көмірсутек өндірудің үздіксіз процесін қамтамасыз еткен жағдайда өңдеуге келмейтін газбен жұмыс істеудің ең қауіпсіз және тиімді тәсілі ретінде газды уәкілетті органның рұқсатымен алауда жағуға жол беріледі.

NCOC компаниясының өндіріс операциялары барысында алауда жағылған көмірсутек газы көлемі 2024 жылы рұқсат етілген көлемнің 29,6% немесе 34,39 млн ст. $м^3$ болды.

Технологиялық жабдықтар үздіксіз әрі сенімді жұмыс істеп тұрғанының арқасында 2024 жылы алауда газ жағу алдыңғы жылғымен салыстырғанда шамамен 2% азайған. Алауда жағылған газ көлемі жалпы өндірілген газ көлемінен 0,31% болды. 2024 жылы Компания нысандарында газды утильдеу деңгейі 99,69% болды, бұл – мұнай-газ саласындағы жоғары көрсеткіш.

Алауда газ жағу көлемін азайту шаралары:

- қоршаған ортаға күкіртсутек тарауына жол бермеу және алау қондырғыларында қауіпсіз жағып жіберу үшін күкіртсутек (H_2S) бар желілерде қолданылатын сақтандырғыш клапандардың бәрін алау коллекторларына шығару;
- ұйымдастырылмаған шикізат шығарындыларын азайту үшін ернемек қосылыстардың барынша аз болуын қамтамасыз ету;
- алау коллекторының клапандарын тексеру және жөндеу: 2024 жылы теңіз кешенінде 675 клапан тексерілді;
- техникалық қызмет көрсету жұмыстарын уақтылы және сапалы орындау арқылы жабдықтарды пайдалану сенімділігін тұрақты түрде жоғары деңгейде ұстау;
- техникалық қызмет көрсететін және құрал-жабдықты пайдаланатын қызметкерлерді

оқытып-үйрете беру, өндірістегі қауіпсіздікке қатысты сала стандарттары мен экологиялық талаптарды ұстану.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру (ТӨИ) нысандарында алауда жағылған газдың көмірсутек өнімі бірлігіне шаққандағы нақты көлемі саладағы ең төмен көлемдердің бірі болып отыр және 2024 жылы ілеспе газ өндірудің жалпы көлемінен 0,31% немесе көмірсутек өнімі бірлігіне шаққанда 1,39 тонна газ алауда жағылды. Бұл көрсеткіш Мұнай-газ өндіруші компаниялардың халықаралық қауымдастығы ЕО елдеріне белгілеп берген мәндер деңгейіне сәйкес келеді (2019-2023 жылдары 3,06–2,2[12]). 2024 жылы NCOC нысандарында газды утильдеу көлемі 99,69% тең болды, бұл – мұнай-газ саласындағы жоғары көрсеткіш.

АЛАУ	2023	2024	Салыстыратын критерийлер / мақсаттар
Газды алауда жағу, т/1000 т өндірілген көмірсутек	1,36	1,39	3,06–2,2 (МГӨХҚ, 2019-2023 ЕО)
Газды жою мөлшері, %	99,7%	99,69%	99% (Газды жою бағдарламасы, 2023 жыл)

АТМОСФЕРАҒА ТАРАЙТЫН НЕГІЗГІ ЗАТТЕКТЕР, ТОННА/ЖЫЛ



2024 жылы мұнай мен газ өндіру көлемі азайып, 2023 жылы бірқатар уақытша шағын құрылыс жұмыстары аяқталғанына орай NO_x (NO_2, NO) және бейметан ұшпа органикалық қосылыстар (БМҰОҚ) шығарындылары көлемі 2023 жылғымен салыстырғанда азайған.

[12] А.12 кестесі – «Өңірлер бойынша алауда жағылған газдың көмірсутек өнімінің бірлігіне шаққандағы көлемі»: https://data.iogp.org/Environment/Flaring

Құрлықтағы және теңіздегі кешендердің өндіріс нысандарындағы SO_2 шығарындылары атмосфераға тарайтын парник газдарға жатпайтын шығарындылардың жалпы көлемінен 50% тең. 2024 жылы NCOC алауларында газ жағу көлемін азайту нәтижесінде SO_2 шығарындылары азайды.

Барлығы (алауда газ жағу), мың т (%)	**20,9 (43%)**	**12%** (Атырау облысындағы 2023 ж. шығарындылардың жалпы көлемінен)
SO_2, т/1000 т өндір. КС	**0,44**[13]	Қ/Ж [күкіртсіздендірілген газ үшін 0,05–0,02 (МГӨХҚ, 2019-2023 ЕО)][14]
NO_x, т/1000 т өндір. КС	**0,17**	0,29-0,28 (МГӨХҚ, 2019-2023 ЕО)[14]
МЕҰОҚ, т/1000 т өндір. КС	**0,03**	0,18-0,11 (МГӨХҚ, 2019-2023 ЕО)[14]



[13] SO_2 анағұрлым жоғары шығарындылары күкіртті газ мөлшері жоғары мұнай кен орындарына тән және ондай кен орындары үшін сенімді бағалау жүргізуге мүмкіндік беретін көрсеткіштер белгіленбеген.

[14] http://data.iogp.org/Environment/Emissions

ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ АЗАЙТУҒА КЕШЕНДІ ІС-ШАРАЛАР ОРЫНДАЛҒАНЫ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНҒАНЫ СЕП БОЛДЫ

Алау қондырғыларын акустикалық алау бастарымен жарақтау мақсаты:

- жағу тиімділігінің жоғары деңгейі;
- шығарындыларды азайту;
- жану өнімдерінің сейілуін жақсарту.

Құрлық кешеніндегі алау қондырғысына отын газ бен қосымша ауа берудің мақсаты:

- шығарындыларды азайту;
- жану өнімдерінің сейілуін жақсарту.

Газтурбиналы қондырғылар шығарындыларды құрғақ басу (DLE) жүйесі бар жану камераларымен жабдықталған:

- отын мен ауаны аз шығындау есебінен NO_x және CO шығарындылары азаяды;
- анағұрлым төмен температураларда (850–900°C) жанады.

Ұшпа шығарындылар:

- ISO 15848–1 стандартының талаптарына сәйкес саңылаусыздыққа қатысты жоғары талаптар қойылатын бекіту-реттеу арматурасы;
- күкіртсутек бар желілерде құбыр арматурасын қосарлы тұмшалауды (герметикалауды) қолдану (клапандардың бүтіндігін тексеру);
- H_2S бар желілердегі сақтандырғыш клапандарды алау коллекторларына шығару.

NCOC жұмыс істеп жатқан жабдықтардың пайдалану сенімділігін үздіксіз бақылап отырады және

қолданыстағы, сондай-ақ жаңа жабдықтарға қатысты жоғары стандарттар мен талаптар белгілейді



Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар:

- алау жүйесінің клапандарын алмастыру / қайта құру / оларға техникалық қызмет көрсету.



Мұнай қазандары бастапқы және қайталама тұмшаланған қалқыма төбемен жарақталған:

- шығарындылар (көмірсутек буы) азаяды.



Жүзбе тұрғынжайлардағы (ЖТЖ) жүйелер:

- негізгі генераторлардың қозғалтқыштарын суыту жүйесінің жылуын пайдалану есебінен отын тұтыну (кем дегенде 40%) азайды.



Дизель генераторлар:

- пайдалы әсер коэффициенті артады;
- пайдалану шығыны азаяды.

Атмосфералық ауа сапасы

Парник газдарға жатпайтын шығарынды көлемі және атмосферадағы ауа сапасы NCOC компаниясының жалпы өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы аясында қадағаланады. Ауа сапасын қадағалау мына жұмыстарды қамтиды:

- алау асты бақылау жұмыстары;
- шығарынды көздері жанындағы мониторинг;
- санитарлық қорғау аймағында (СҚА) ауа сапасын бақылау және сынамалар алу үшін NCOC компаниясының қаржылай және техникалық қолдауымен орнатылған төрт ауа сапасын бақылау стансасы (АСБС); Атырау қаласы мен Атырау облысындағы өнеркәсіп және коммуналдық нысандардың бәрінің, жол көлігінің және жеке меншік секторы нысандарының әсерін бақылау үшін жоғарыда аталған төрт стансаға қосымша ауа сапасын үздіксіз бақылайтын 16 автомат станса орнатылды. Тоғыз станса Атырау қаласында және жеті станса елді мекендерде, соның ішінде Доссор мен Мақат кенттерінде қойылған. Анағұрлым толық ақпаратты алдыңғы жылдардың тұрақты даму есептерінен алуға болады.

ЭМИССИЯЛАРДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІ

Эмиссияларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесі (ЭМАЖ) эмиссияларды шығатын көздерінде нақты уақыт режимінде үздіксіз өлшеу мен қадағалауға сеп болатын технологияға сүйенеді.

2024 жылдың аяғына қараған шақта Компания ҚР Экология кодексінің талаптарына сай екі термиялық тотықтырғыда және төрт алау қондырғысында орнатылған эмиссияларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесінен (ЭМАЖ) Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ақпараттық жүйесіне, яғни қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкіне дерек берді.

Эмиссияларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесі (ЭМАЖ) Солтүстік Каспий жобасы аясындағы Қашаған мұнай-газ кен орны нысандарында өндірістік экологиялық бақылау мақсатында эмиссияларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі жол картасына сәйкес енгізіліп жатыр.

Күкіртсутек

«Қашаған» – мұнай мен газ өндірудің, тасымалдаудың және дайындаудың әр кезеңінде және тиісінше компанияның осы процестермен байланысты қондырғыларының бәрінде күкіртсутек болатын, мұнай құрамында күкірт мөлшері көп кен орны. Тиісінше Компанияның осы процестерге байланысты қондырғыларынның бәрінде күкіртсутек бар.

Ғылыми-зерттеу орталығы мен аккредиттелген зертханалар 2002–2022 жылдарға әзірлеген «Атырау қаласында және Батыс Ескенедегі «Болашақ» МГКДҚ орналасқан ауданда атмосфералық ауа сапасын кешенді зерттеу» есебіне сай АСБС арқылы үздіксіз жүргізілген бақылау нәтижелері әлі де «Болашақ» МГКДҚ маңына қарағанда Атырау қаласында атмосфералық ауадағы күкіртсутек мөлшері қысқа мерзімде нормадан асып кетуі әлдеқайда ықтимал екенін көрсетіп отыр және Ескенедегі нысандар Атыраудағы көрсеткіштердің нормативтерден асып кету жағдайларына әсер етіп отырған жоқ. Осылайша, жоғарыда аталған зерттеулер нәтижелері нормативтерден асу жағдайларының 78% Атырау қаласында және 13,9% ғана «Болашақ» МГКДҚ маңындағы ауа сапасын бақылау стансаларында тіркелгенін көрсетіп отыр. Сонымен бірге зерттеулерде атмосфера ластануы қарқыны Атырау қаласында әлдеқайда жоғары екені көрсетілген.

2024 жылы Батыс Ескенедегі қысқа мерзімде нормативтен асып кету стансалардың жалпы тіркелген жұмыс уақытының 5%-ына жетпейді, бұл фондағы ластанудың шекті шамасынан төмен.

АСБС-дан алынған тарихи деректерді егжей-тегжей талдау 2009-2022 жылдар аралығында «Болашақ» МГКДҚ орналасқан ауданда да, сондай-ақ Атырау қаласында да атмосфералық ауа сапасы нормативтерінен қысқамерзімді асып кету жағдайларына күкіртсутек шығарындыларының сыртқы ұйымдастырылмаған және/немесе биоген көздері бары себеп болғанын айғақтап отыр.

Әсерді азайту шаралары

«Қашаған» құрлық кешенінің өндіріс нысандары үшін жеті шақырымдық санитарлық қорғау аймағы (СҚА) ҚР санитария қағидалары талаптарына сәйкес халықтың денсаулығына төнетін қауіп-қатерге баға беруге сүйеніп анықталып, оны құзырлы мемлекеттік орган өндіріс нысандарынан қауіпсіз қашықтық деп белгілеген.

NCOC СҚА маңындағы ауа сапасын бақылау стансаларында (АСБС) тіркелетін шекті мүмкін концентрациядан (ШЖК) асып кету жағдайларын азайту үшін АСБС жол картасына сәйкес жұмыс жалғасып жатыр. NCOC осы жұмыс аясында булану тоғандарында сульфат ыдыратушы бактериялардың (СЫБ) белсенділігін және H_2S түзілуін азайту жөнінде сынақ жүргізіп жатыр. Жаңа су тазарту нысандарын пайдалану кезінде сол нысандардан шығаберісте сульфаттар мөлшері (СЫБ үшін құнарлы орта) азайған сайын шектен асып кету жағдайлары азая бермек.

Мониторинг нәтижелілігінің негізгі көрсеткіштері

Қазақстан Республикасында қолданылып жатқан санитария ережелеріне сәйкес санитариялық қорғау аймағының (СҚА) ауданын өндірістік қадағалау және әсерді бақылау нәтижелері растаған (олар ауа сапасын бақылау стансаларының жұмыс уақытының 95% кезінде тіркелетін көрсеткіштер атмосферада сейілу үлгісінде белгіленген мүмкін шектерде болатынан көрсетіп отыр), бұл бағалау дұрыс екенін және атмосферадағы ауа сапасына қатысты қолданылатын нормативтер мен тұрғын және жұмыс аймақтарындағы шығарындылардың шекті нормаларына сәйкестігін айғақтап отыр.

07

2020–2024 ЖЫЛДАРДАҒЫ H_2S БОЙЫНША ШЖК-ДЕН АСЫП КЕТУ САНЫ



Компанияның алау астындағы бақылау жұмыстарын қамтыған зерттеулері барысында Батыс Ескенедегі құрлық нысандарындағы көздерде ластаушы заттектердің нормативтен тыс қандай да бір шығарындылары анықталмағанын атап өткен жөн. Бұл NCOC құрлық кешенінің өндіріс нысандары есептік көрсеткіштер мен қолданылатын стандарттарға сәйкес екенін растап отыр.

NCOC компаниясы Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Атырау облысы әкімдігіне Атырау мен Батыс Ескенеде атмосфералық ауаға тиетін әсерді кешенді бағалау әрі зерттелетін аудандарда бар және жоспарланып отырған ластаушы көздерді анықтау жұмысын жүргізуге қолдау көрсетіп отыр. Жұмысты лицензиясы бар зерттеу компаниясы мен аккредиттелген зертханалар орындап жатыр. Жұмыс ауқымында ауа сейілуі моделін жасау, ауа сапасына қатысты тарихи деректерді талдау және атмосфералық ауа сапасын кешенді зерттеу/өлшеу көзделген. Атырау қаласы мен Батыс Ескенедегі әсер ету көздеріне өнеркәсіп және коммуналдық нысандар, көлік құралдары және жеке меншік сектор нысандары кіреді. Қосымша мониторинг зерттеу мен бағалау жылдың төрт мезгілі бойына жел бағытын ескере отырып жүргізілді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

12 ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ



ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Біз қалдықтармен тиімді жұмыс істеу орнықты өндірістің маңызды кезеңі деп білеміз.

NCOC қалдықтарды реттеу кезінде олардың түзілуінен бастап түпкілікті жойылғанға дейінгі кезеңді қамтитын тәсілді қолданады. Біз қалдықтарды тиісті түрде қауіпсіз тасымалдау, соның ішінде кейінгі өңдеу мен жою мәселесіне асқан жауапкершілікпен қараймыз.

NCOC компаниясы қалдықтарың теңізге төгілуі қатерін болдырмау үшін табиғи беткі су қоймаларына, соның ішінде Каспий теңізіне қалдық тастамау және тазартылған сарқынды суды төкпеуді көздейтін нөлдік төгінді саясатын ұстанады. Сонымен қатар компания топырақты ластаудың



07

алдын алу үшін уақытша қалдық сақтайтын бетондалған алаң жасап қойған, бұл алаңда қалдықтар олардың төгілуіне жол бермейтін, сөйтіп қоршаған ортаға тигізетін әсерін, сондай-ақ күн райы жағдайларының қалдықтарға тигізетін әсерін азайтуға мүмкіндік беретін саңылаусыз арнайы контейнерлерде жиналады.

Компанияда қалдықтарға қатысты жұмыстарды орнықты даму қағидаттарына сәйкес реттейтін саясат әзірленген. Біз қалдықтармен жұмыс істеу барысында қалдық түзілуіне жол бермеу, қалдықтарды қайта пайдалану, өңдеу, қалпына келтіру және жою әдістерін пайдаланып келеміз.

Біз қалдықтарды арнаулы лицензиялы ұйымдардың күшімен кейінгі жою процесін жеңілдету үшін нысандарымызда оларды бөлек жинау жүйесіне жүгінеміз. Қалдықтарды реттеу және бақылау жүйесі қалдық түзілуінен бастап түпкілікті жойылғанға дейінгі толық циклден тұрады. Компания заңнама талаптарын сақтаумен қатар халықаралық тәжірибеге сәйкес жұмыс істеп, мердігерлер орындап жатқан қалдықтарды жою жұмыстарының сапасын бақылап отырады. Сонымен бірге NCOC компаниясы мердігерлердің қалдықтарды қайта пайдалануды барынша ұлғайту жолдарын іздеу жұмысын қолдап, ынталандырып отырады.



Қалдықтарды сұрыптап, жинау

NCOC қалдықтар түзілуі салдарынан қоршаған ортаға тиетін әсерді азайтуға ұмтылып келеді. Ол үшін біз түзілген қалдықтарды ресми қалдық жіктеуішіне сәйкес сұрыптап, бөлек жинау әдістерін қолданамыз. Өндіріс алаңдарындағы қызметкерлердің бәрі мұны жеке жауапкершілігі деп біледі. Әр контейнер сақталатын қалдық түріне сәйкес таңбаланған. Түрлі қалдықтарды, әсіресе қауіпті және қауіпсіз қалдықтарды араластыруға тыйым салынған.

Қалдықтар арнайы жабдықталған алаңдарда түрлі контейнерлерде жиналып, сақталады:

- сарқынды су тұнбаларына арналған контейнерлер;
- құрылыс, ағаш және тамақ қалдықтарына арналған контейнерлер;
- пластик қалдықтарға арналған контейнерлер;
- пластик, тұрмыстық, қағаз және картон қалдықтарға арналған контейнерлер;
- құрамында сынап бар қалдықтарға арналған контейнерлер;
- пайдаланылып болған техникалық майға арналған ыдыстар
- тұрмыстық, пластик қалдықтар мен құрылыс қалдықтарына арналған контейнерлер.

Қауіпті қалдықтарды қаптау және таңбалау ерекше назар аударуды қажет етеді. Біз қалдықтарды сұрыптау, тиеу, тасымалдау, жинау және лицензиялары бар арнаулы ұйымдарға тапсырғанша арнайы бөлінген орындарда уақытша сақтау кезінде контейнерлердің бүтіндігін және қалдықтардың қауіпсіздігін тексереміз.

Қауіпті, қауіпті емес және айналы қалдықтармен жұмыс істеу

2024 жылы NCOC компаниясында түзілген қалдықтардың жалпы көлемі 13 294 тонна болды, оның ішінде:

- қауіпті қалдықтар – 6 961 тонна;
- қауіпті (айналы) қалдықтар – 805 тонна;
- қауіпті емес қалдықтар – 2 124 тонна;
- қауіпті емес (айналы) қалдықтар – 3404 тонна.

Өндіріс және тұрмыс қалдықтары көлемі азаюына 2024 жылы жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмысы жүргізілгені себеп болды.

ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ	2024 ж. (2023 ж. %)	2023 ж. (2022 ж. %)	Салыстыратын критерийлер / мақсаттар
Өндіріс, мың т	13,3 (80%)	16,6 (78%)	0,2% (ҚР бойынша 2023 ж. қалдықтардың жалпы көлемінен)
Үшінші тараптарды тартып жою және инсинерациялау, %	85	85	>90 (2035 ж. дейінгі ЕО стратегиясы)

МҰНАЙ ТӨГІЛІМДЕРІНЕ ДЕН ҚОЮ

NCOC өзінің өндірістік қызметін жүргізу барысында мұнай төгілуін болдырмауға дайындықты үнемі бақылап отырады және ең алдымен мұнай төгілуінің алдын алуға көңіл бөледі.

2024 жылы NCOC өндіріс операциялары салдарынан қоршаған ортаға 1 баррельден астам көлемде көмірсутек төгілуі көрсеткіші 0 шамасында болды (жалпы көлемі: мұнай эквивалентімен 0 баррель).

2024 жылы атқарылған шаралар

Алдын алу

Жұмыстардың бәріне – ұсақ-түйегінен ірісіне дейін – келісу сатысында жұмысты орындаудың міндетті бөлігі аясында мұнай төгілуі ықтималдығына және алдын ала жасалатын қадағалау шараларын анықтауға қатысты бағалау жүргізілді.

Технология

Теңізде төгілген мұнайды оқшаулау және жинап алу

Теңізде төгілген мұнайды оқшаулау және жинап алу бон қоршаулар көмегімен мұнайдың жайылуын шектеу және кейін мұнай жинау құрылғылары мен өзге де механикалық құралдар көмегімен жою үшін жасалады. Ірі төгілімдер және экологиялық сезімтал аймақтарға әсер етуі мүмкін төгілген мұнайды оқшаулау және жинап алу жұмыстары қажет болуы мүмкін. Бұл әдіс мұнай:

- экология жағынан сезімтал аймақтарға қауіп төндірген және/немесе;
- табиғи жолмен жоюға келмеген жағдайда қолданылады.

Төгілген мұнай оқшауланып, жинап алынатын ден қою әдістерін қолданудың мақсатқа сәйкестігі оқшаулауға, содан кейін теңіз бетінен жинап алуға болатын беткі ластану бар-жоғына, сонымен қатар жабдықтарды жайғастыруға қолайлы жағдай бар-жоғына қарайды. Осы ден қою нұсқасының артықшылығы мұнайдың су қабатына сейіліп кетуіне жол бермей, су бетінен жинап алуға болатынында.

ҚР Ұлттық жоспарына сәйкес қалыптасқан жағдай мүмкіндік беріп, жабдықтар бар кезде төгілген мұнайды оқшаулау және жинап алу – ден қоюдың қолайлы нұсқасы. Қыста мұнайды жинап алардан бұрын оны оқшаулауға мұзды пайдалану орынды болуы мүмкін.

Құрлықта ден қою

Құрлықта мұнай төгілуі – құрлықтағы нысанда мұнай төгілуіне байланысты оқиға салдарынан, мысалы құбыр желісінен ағып кету, автоцистерна аударылуы не қазаннан төгіліп қалу салдарынан мұнайдың құрлықта жылғалар мен өзендерді бойлай жылжу процесі. Бұл жерде де стандарт ден қою тәсілдерін қолдануға болады, тек олар біраз бейімделуді қажет етеді. Құрлықта төгілген мұнай топыраққа және ыза суға, сонымен қатар беткі су қоймаларына құйылуы мүмкін.

Жер бетінде кейбір желге ұшу процестері, мысалы булану белсенді болады, ал майғындалу және дисперсия процестері болмайды. Таралу болғанымен, оның дәрежесі топографияға және жер бедері тегіс болмауына қатты қарайды.

Биологиялық ыдырау дәрежесі ылғал деңгейі мен қоректік заттектерге байланысты болады. Топырақ пен ыза суды ластайтын жер астында төгілген мұнай аз ғана желге ұшады. Мұндай жағдайда әдетте оттек концентрациясы шектеуші фактор болады және биологиялық ыдырау процесі баяу жүреді. Мұнай топыраққа жабысып қалады да, басқа желге ұшу процестері жүрмейді.

Жерсеріктен бақылау

NCOC мұнай төгілген және мұнайдан ластанған суды ерте анықтау үшін ғарыштан бақылау қызметін көрсететін халықаралық ұйымның қызметіне жүгінеді. Ол үшін төгілген мұнайды қашықтан бақылауға бақылау радарлары/радиолокациялық жерсеріктердің бәрінен алынған деректер пайдаланылады. Қызмет SAR-суреттер деректерін алгоритм процестері көмегімен өңдеп, содан кейін төгілген мұнайды қарастыратын жоғары білікті талдаушы мамандардың сол деректер сапасын тексеруін қамтиды.

Біз жерсеріктен түсірілген суреттер алынғаннан кейін 20–120 минутта төгілген мұнайды байқау ықтималдығы туралы толық талданған есеп аламыз. Бұл – саладағы дерек берудің ең қысқа уақыты, ол шешім қабылдап, тиісті шаралар жасауға қажет аса маңызды ақпарат шешім қабылдайтын адамдардың қолына тиетініне кепілдік береді.

Мұнай төгілуіне ден қоюды үйрету

NCOC компаниясында мұнай төгілуіне ден қоюмен (МТД) шұғылданатын арнайы топ бар, оның құрамына тиісті оқыту-үйрету өткен, 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі және Солтүстік Каспийдің қатаң жағдайларында қолдануға қолайлы түрлі жабдықтары бар білікті персонал кіреді.

NCOC компаниясында әзірленген Төгілген мұнайды жою жөніндегі кешенді жоспарда тұрақты түрде оқу-жаттығу сабақтарын өткізу, соның ішінде жауапты мемлекеттік органдармен бірге жаттығу өткізу қарастырылған.

МТД тобы білігіне сүйеніп, мұнай төгілуіне ден қою жөніндегі ішкі оқыту-үйрету бағдарламасын әзірледі, өндіріс алаңында оқиғаның салдарын жоюға қатысатын кез келген қызметкер сол бағдарламаны өте алады. МТД бойынша оқыту-үйрету жаттығулары NCOC компаниясы алаңдарының бәрінде тұрақты өткізіліп тұрады.

ҚР мемлекеттік органдарының қатысуымен өткізілетін жаттығулардың негізгі мақсаттары

- ден қоюға қатысатын персонал арасында, атап айтқанда жаттығуға араласатын түрлі тараптардың ден қою топтары арасында NCOC компаниясының Төгілген мұнайды жою жөніндегі кешенді жоспары, өндіріс алаңына арналған МТД жоспарлары және ҚР өңірлік жоспарларына сүйеніп өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру және үйлестіру;
- персонал, бөлімшелер және топтар арасындағы өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасуды

70

пысықтау, сонымен қатар NCOC компаниясының төтенше жағдайларды жою процесін басқарудың түрлі деңгейлерінің тиімділігін және ҚР Өңірлік жоспарына сай келуін тексеру;
- персонал арасында, атап айтқанда төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірлескен операцияларға қатысу үшін тағайындалған ден қою топтары арасында өзара іс-қимылдың жақсы деңгейіне қол жеткізу;
- төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірлескен операцияларда қолдануға болатын жабдықтарды, материалдарды және басқа да құралдарды қолдануды үйрену және машықтану;
- жаттығуларға араласқан түрлі тараптардың агенттіктерімен, бөлімшелерімен, топтарымен және персоналымен бірлесіп жұмыс істеуде тәжірибе жинау.

2024 жылы NCOC МТД тобы Батыс Австралияның Перт қаласында акционерлеріміздің бірі ұйымдастырған III деңгейлі жаттығуға қатысты.

III деңгейлі штабтық жаттығу нысанда бірінші кезектегі бүтіндік бұзылуына (ББББ) қатысты үлгіленген ден қою сценарийіне сай жүргізілді. Жаттығу кезінде оқиғаларды реттеу жүйесінің көмегімен оқиғаны алдын алу кезеңінде реттеуге, Оқиғаларды реттеу тобының кеңейтілген құрамда оқиғаға ден қоюдың алдын алу кезеңіндегі әрекеттерін пысықтауға және ден қою барысында топтың бақылаушы органмен тиімді қарым-қатынас жасауына баса назар аударылды.

NCOC персоналы халықаралық арнаулы тәжірибемен танысуға және Қазақстанда түрлі алаңдарда орналасқан кен орындарындағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде жиналған тәжірибеге ортақ болу мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен бірге 2024 жылы NCOC компаниясының МТД тобының өкілі Мұнай төгілуі жөніндегі халықаралық конференцияға (IOSC) қатысты. Конференцияның басты тақырыбы «Мұнай төгілуінің алдын алу және оған ден қою саласындағы инновациялар» болды. Конференцияға саладағы жетекші компаниялардың мамандары мен өкілдері қатысып, мұнай төгілуіне ден қою технологияларын, стратегияларын және озық тәжірибелерін дамыту мәселелерін талқылады.

NCOC өкілі конференцияға «Тайыз су айдындарында мұнай төгілуінің салдарын жеңілдетуге баға беру» атты инновациялық жоба туралы мақаланың тең авторы ретінде шақырылды. Қазақстан әлемде алғашқы болып осы зерттеуге сүйеніп, тайыз су айдынында диспергенттерді пайдалануды көздейтін тәсілдемені енгізген елдердің бірі болды.

Конференция барысында жаңа технологияларға, нормативтік талаптарды жаңартуға және кейінгі кезде мұнай төгілген оқиғалардың нақты мысалдарын талдауға арналған сессиялар өтті. Конференцияға қатысқандардың назарына тайыз су айдындарында қолдануға қолайлы маңызды инновациялар мен ден қою технологиялары ұсынылды. Олардың қатарына, мысалы, өткелі қиын алаңдарда мұнай төгілген жағдайда тиімді ден қою үшін гидрошаңғыға қондырылған жабдықтарды қолдану жатады. Сондай-ақ шалғай немесе күрделі аумақтарда төгілген мұнайды бақылап, ден қою мүмкіндіктерін кеңейтумен қатар тиімділікті арттырып, шығынды азайтуға сеп болатын жерсеріктен фото-видео түсіру саласындағы инновациялық шешімдер ұсынылды.

Халықаралық деңгейдегі мамандармен қарым-қатынас NCOC компаниясына төтенше жағдайлардың салдарын жою мүмкіндіктерін үздіксіз жетілдіру жөніндегі міндеттемелерін орындауға сеп болады.

ЖАТТЫҒУЛАР

III ДЕҢГЕЙЛІ МҰНАЙ ТӨГІЛУІНЕ ДЕН ҚОЮ

2024 жылы NCOC компаниясы III деңгейлі мұнай төгілуіне ден қою жөніндегі бірнеше кезеңнен тұратын «АҚ ШАҒАЛА-2024» жаттығуын өткізді. Жаттығудың мақсаты Компанияның техникалық мүмкіндіктерін растап, ол қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайтып, теңіз экожүйелерін сақтауға бейіл екеніне баса назар аударту болды. Жаттығу барысында экология жағынан осал өңірлердің бірінде мұнай төгілуі сценарий моделі жасалып, NCOC компаниясының мұнай төгілуіне ден қою жөніндегі қатаң хаттамалары аясында заманауи жабдықтар қолданылатын әрекеттер пысықталды.

Жаттығулар NCOC компаниясының Атырау облысындағы 3 өндіріс алаңын қамтыды, соның арқасында оқиғаны шынайы үлгілеп, ден қою стратегияларын жете сынап, баға беру мүмкін болды. Жаттығулар NCOC компаниясының төтенше жағдайлардың артын реттеу кезінде өзара әрекет ету жоспарларына байланысты мұнай төгілуіне ден қою процедураларына сәйкес, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардың артын реттеу, азаматтық қорғаныс туралы тиісті заңдарына және Мұнай төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық жоспарына сай өтті.

Жаттығу барысында NCOC компаниясы алғаш рет Солтүстік Каспий жобасында қолданылып жүрген, мұнай төгілген жағдайда ашылатын жабдықтарды көрсетті. Дамба ауылындағы мұнай төгілуіне ден қою базасы аумағында I және II деңгейлі мұнай төгілгенде төгілген мұнайды механикалық әдіспен жинап алуға, диспергенттер қолдануға, көмірсутектерді төгілген жерінде өртеп жіберуге арналған МТД жабдықтары мен жануарларды құтқару құралдары көрмесі өтті, су бетіндегі төгілген мұнайды оқшаулап, жинап алу жабдықтарының тиімділігі түсіндірілді.

Сондай-ақ NCOC компаниясының жабдықтары су бетінде қалай жұмыс істейтіні көрсетілді. Мұнай жинауыштар, бондар, мұнай эмульсиясын жинайтын резервуарлар нақты уақыт режимінде жайылып, тайыз суда жүзетін ден қою кемелер мен көмекші катерлер жұмыс істеп, осы арнайы жабдықтардың тиімділігі көрнекі түрде көрсетілді және NCOC компаниясы мұнай төгілуіне даярлығын жоғары деңгейде ұстап тұруға ұмтылатынын тағы да айқындап берді.

Үш күнге жалғасқан жаттығуға негізгі мүдделі тараптар белсенді қатысып, мемлекеттік органдардың NCOC компаниясымен тиімді ынтымақтастығына айғақ болды, сондай-ақ NCOC акционерлері тарапынан сала мамандары да қолдау көрсетті.

КЛИМАТ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІМЕН КҮРЕС

NCOC компаниясы БҰҰ климат өзгеруі жөніндегі Негіздемелік конвенциясын қабылдаған тараптар Конференциясының 21-сессиясында қабылданған Париж келісімінің мақсаттарын қолдайды. Келісім орнықты даму аясында климат өзгеруі қатеріне жаһандық ден қоюды күшейтуді және температура көтерілуін 1,5°C шамасына дейін шектеуге күш сала беруді көздейді. Келісім қоғам мен бизнес мәлім етілген мақсатқа жету жолында бірігуге тиіс деген қағидатты ұстанады, өйткені климат жүйесіне тиетін жағымсыз әсер экожүйелерге, инфрақұрылымдарға, адамдардың өмірі мен денсаулығына төнетін физикалық қауіп-қатерге тікелей байланысты. Қазақстан Париж келісімі аясында шығарындыларды 1990 жылғы деңгейден 15%, ал халықаралық қолдау көрсетілсе, 2030 жылға



қарай 25% азайтамыз деп міндеттеме алды. Бұл міндеттемелер мемлекеттік реттеу және көміртек бірліктері саудасының нарықтық механизмі арқылы орындалуға тиіс. NCOC компаниясында парниктік газдардың (ПГ) тікелей шығарындылары қолданыстағы ұлттық көміртектік бюджеттеу жүйесі аясында реттеліп жатыр. Компания Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртек бейтараптығына қол жеткізуіне қолдау көрсету үшін жұмысты анағұрлым қарқынды жүргізу керегін мойындайды.

Бұл міндеттемелер негізінен мемлекеттік реттеу және мұнай-газ, энергетика, тау-кен өндіру, химия және өңдеу өнеркәсібі сияқты экономиканың негізгі секторларында көмірқышқыл газы шығарындылары жылына 20 мың тоннадан асатын компаниялар үшін көміртек бірліктерін сататын нарық механизмі арқылы орындалады.

NCOC КОМПАНИЯСЫНДА ТІКЕЛЕЙ ПАРНИК ГАЗДАР (ПГ) ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ ПАРНИК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНА КВОТА БӨЛУДІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖОСПАРЫ АЯСЫНДА РЕТТЕЛЕДІ.



Қазақстан Париж келісімдеріне сәйкес 2030 жылға қарай парник газдар шығарындылары бойынша бақылау көрсеткіштерін және 2060 жылға қарай парник газдар шығарындыларының нөлдік балансына жетудің (көміртек бейтараптығы) жаһандық стратегиясын қабылдағандықтан, Компания өзінің парник газдар шығарындыларын азайту стратегиясын және ондай шығарындылар мөлшерін ойдағыдай азайту шараларын қайта қарауды ұйғарды. 2024 жылы Компания өзінің парник газдар шығарындыларын реттеу мен энергия тиімділігіне қатысты стратегиясын қазіргі үрдістерге сәйкес жаңартып, жергілікті және халықаралық деңгейде парник газдар шығарындыларын азайту жөніндегі анағұрлым өршіл бақылау көрсеткіштерін көздеп отыр.

Жалпы, келешекте квота бөлудің ұлттық жоспарлары аясында компаниялар арасында ПГ шығарындыларына квота бөлудің арқасында шығарындыларды азайту қарқыны жеделдей түседі деген болжам бар; осыған орай Компания өндіріс қиындықтарын, жұмыс кестесіне төнетін қатерлерді, сонымен қатар нысандардың/құрал-жабдықтың тұтастығын ескере отырып, ПГ шығарындыларын азайтудың таза техникалық шығыны мен қарқыны тұрғысында ПГ шығарындыларын азайтуға қатысты анағұрлым тиімді жобаларды белгіледі. Жалпы алғанда Компания 2030 жылға дейінгі қысқамерзімді және ортамерзімді келешекте энергия тиімділігі саласында үздіксіз жетіле беріп, ПГ шыға-

КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ ЖОЛ КАРТАСЫ



рындыларын ойдағыдай азайтуды мақсат етіп отыр, оған қоса 2030 жылдан кейінгі ұзақмерзімді мақсаттар ретінде ПГ шығарындыларын азайту жөніндегі күрделі жобаларды іске асырып келеді. Ұзақмерзімді жобалар шыққан жылуды утильдеп, артынан жағып жіберуді, CO_2 табиғи жолмен қойнауқатқа қайта айдауды, теңіздегі нысандарға электр тоғын жеткізу ауқымын арттыруды, сонымен қатар көміртекті тұтып қалып, сақтауға қатысты техникалық зерттеулерді қамтиды.

Қазіргі ПГ мақсаттар мен ұмтылыстар:

1. 2030 жылға қарай 2019 жылғымен салыстырғанда үлесті ПГ шығарындыларын 25% азайту.
2. Ары қарай да парник газдар шығарындыларын азайту, соның ішінде келешек кеңею жобалары аясында азайту мүмкіндіктерін зерделей беру.

NCOC 2024 жылы:

1) өндірістегі жұмыстар барысында алауда газ жағу көлемін азайтты;
2) алауда газ жағу көлемін азайту шараларын жасады, соның ішінде газ шығарып тұрған клапандарды жөндеп, алмастырды. Теңіздегі нысандарда 3 клапан алмастырылды, нәтижесінде жылына 3 817 м3 газды алауда жағып жіберудің алдын алды. Құрлықтағы нысандарда 4 клапан жөнделді, нәтижесінде өткізу қабілеті жылына 3 504 м3 газға дейін азайтылды;
3) LDAR (газ ағып (шығып) кету жағдайларын анықтау және жою) бағдарламасын іске асыра берді. Бағдарлама аясында құрлықтағы кешеннің 22 қондырғысы (шамамен 37 000 клапан, ернемек, қосылыс) және теңіздегі кешеннің 9 қондырғысы (13 549 клапан, ернемек және қосылыс) құралдар қолданылып қаралып, зерттелді;
4) БҰҰ экологиялық бағдарламасы аясында Мұнай-газ секторындағы метан шығарындылары бойынша серіктестік (OGMP) 2.0 шеңберінде метан шығарындылары туралы есеп беру құрылымын енгізіп, 2024 жылы «Алтын стандартқа сай жол» мәртебесіне қол жеткізді. Осы ерікті бастамаға сай NCOC көзделген көрсеткіштерді белгілеп, метан шығарындылары туралы есеп берудің метан шығаратын көздерді анықтау және бақылау, сонымен қатар метан шығарындыларын азайту бойынша анағұрлым тиімді іс-шаралар орындалатын озық тәжірибелерін енгізудің жол картасын әзірледі. Компания OGMP талаптарына сай 2026 жылға қарай метан



шығарындылары туралы есеп берудің Алтын стандартына лайық болуды жоспарлап отыр;

5) қалдық жылуды кәдеге жарату қондырғысын қолдану мүмкіндігіне бастапқы зерттеу жүргізді;
6) энергия үнемдеу мүмкіндіктерін бағалау, анықтау және іске асыру мақсатында энергия тұтынуды бақылады. Энергия мен шығарындыларды бақылау құралдарын қолданып алынған нәтижелер процестерді жедел бағалау (PQLA) барысында теңіздегі кешенде энергия тұтынушыларды тұрақты талдаудың негізгі факторы болды, соның нәтижесінде энергия үнемдейтін көп мүмкіндік анықталды;
7) энергия тиімділігін және ресурстар тұтынудың орнықтылығын арттыру үшін қысқамерзімді және ортамерзімді келешекте орындауға тиіс болатын негізгі іс-әрекеттерді анықтап, бағалау үшін энергия аудитін жүргізді.

Парник газдардың тікелей және жанама шығарындылары

2024 жылғы парник газдар (ПГ) шығарындыларын есепке алу бойынша расталған есепке сай ПГ тікелей шығарындыларының жалпы көлемі CO_2 эквивалентімен 2 953 598,86 тонна болды, олардың ішінде CO_2 үлесі CO_2 эквивалентімен 2 907 378,85 тонна (98,4%), CH_4 үлесі CO_2 эквивалентімен 27 141 тонна (0,92%), N_2O үлесі CO_2 эквивалентімен 19 078,90 тонна (0,65%) болды.

Төменде берілген кестеде 2024 жылғы тікелей (жылжымалы көздердің шығарындылары есепке алынбаған) және жанама ПГ шығарындылары көлемдері көрсетілген.

Көлемі	Санаттар	Ішкі санаттар	ПГ шығарындылары (CO_2 экв. тонна)
ПГ тікелей шығарындылары (1-көлем)	CO_2 технологиялық шығарындылары	Күкірт айыру қондырғыларынан (термиялық тотықтырғыдан) шығатын ПГ шығарындылары	687 929
	Жағу	Жағу (отын газ, дизель отыны, СМГ және басқа да отын түрлері)	2 173 953
	Желдету шығарындылары	Желдету шығарындылары (құрамында CO_2 мөлшері барларды қоспағанда)	454
	Алаулар	Алауда газ жағу кезіндегі ПГ шығарындылары	63 739
	Ұйымдастырылмаған шығарындылар	Ұшпа шығарындылар	13 501
Жанама шығарындылар (2-көлем)	Импортталған қуат	Сатып алынған электр қуаты	8 192
Барлығы			**2 947 768**

2024 жылғы қазанда өндірісті жоспарлы бәсеңдетуге байланысты 2024 жылы ПГ жалпы тікелей шығарындылары 2023 жылғымен салыстырғанда 5% азайды. Нәтижесінде 2024 жылы электр қуаты мен жылу қуатын тұтыну және өндіру мөлшері азайды. 2024 жылы Компания ҚР Экология кодексінің 282-бабы, 3-тармағын орындау мақсатында қолданылатын жаһандық жылыну потенциалына жүгінді. Климат өзгеруі жөніндегі эксперттердің үкіметаралық тобының бесінші бағалау баяндамасына (AR5) сай жаһандық жылыну потенциалының мәні метанға – 28, ал азот тотығына – 265 болған.[15]

[15] Климат өзгеруі жөніндегі эксперттердің үкіметаралық тобының бесінші бағалау есебі.

2024 жылы импортталатын электр қуатын тұтыну нәтижесінде түзілген ПГ жанама шығарындылары (2-көлем) CO_2 эквивалентімен 8 192 тоннаға немесе шығарындылардың жалпы көлемінен шамамен 0,3% болды, өйткені Компанияның электр қуатын өндіретін меншікті нысандары бар.

2024 жылы NCOC компаниясында метан (CH_4) шығарындылары 608 тонна болды. Бұл ретте ұшпа шығарындылар 79%, стационарлық жағу көздерінің шығарындылары – 18%, CH_4 технологиялық шығарындылар – 0%, желдету шығарындылары – 2,7% және алауда жағу шығарындылары – 0,2%.

Парник газдар шығарындыларының (яғни өндірілетін өнім бірлігіне шаққандағы келтірінді шығарындылардың) қарқындылық деңгейі 2024 жылы өндірілген мұнай эквивалентімен 1 000 тоннаға шаққанда CO_2 эквивалентімен 128 тоннаға тең болды, бұл 2023 жылғы ұқсас көрсеткіштен 1% көп. Бұл негізінен 2024 жылдың 4-тоқсанында өндірістің жоспарлы тоқтауына байланысты болды, соның нәтижесінде мұнай өндіру көрсеткіштері азайды. Бұл ретте 2019–2024 жылдар аралығындағы кезеңде ПГ шығарындылары қарқындылығы шамамен 20% төмендеді.

Төмендегі кестеде NCOC компаниясының 2019 жыл мен 2024 жыл аралығындағы өндіріс қызметі кезіндегі ПГ шығарындылары динамикасы көрсетілген.

2019-2024 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ



ЭНЕРГИЯ

NCOC компаниясының өндіріс нысандары электр энергиясымен, жылумен және бумен жабдықтауға қатысты дербес жұмыс істейтіндіктен, компанияның тікелей шығарындылары үлесі елеулі шамада ұлғаяды (1-көлем).

NCOC өндіріс операциялары барысында 2024 жылы тұтынылған жалпы энергия көлемі 42,24 млн ГДж болды. Осы көлем ішінде 0,33 млн ГДж электр энергиясы түрінде сатып алынды, соның ішінде 0,08 млн ГДж сарқылмайтын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айы-



рысу-қаржы орталығынан сатып алынды. 2024 жылы энергия пайдаланудың үлесті қарқындылығы (өндірілген өнім бірлігіне шаққандағы энергия тұтынылуы) мұнай эквивалентімен өнімнің бір тоннасына шаққанда 1,83 ГДж болды, бұл 2024 жылы өндіріс көрсеткіштері төмендегеніне (өндірісті жоспарлы бәсеңдетуге) орай 2023 жылғы көрсеткіштен аздап жоғары. Өндіріс бірлігіне шаққандағы отын-энергетика ресурстарын тұтыну, яғни 2024 жылы отын-энергетика ресурстарының өнім бірлігіне шаққандағы тұтынылуы, яғни энергия тиімділігі көрсеткішінің мәні 0,0581 т.ш.о./т.м.б. болды, бұл уәкілетті орган энергия тиімділігі бойынша компанияға 0,0657 т.ш.о./т.м.б. мөлшерінде белгілеген жеке бақылау көрсеткішінен әлдеқайда төмен болды.



ЖЕРҮСТІ БҰРҒЫЛАУ ҚОНДЫРҒЫСЫ



Бірінші бұрғылау қондырғысын пайдалану тәжірибесіне сүйене отырып, жасанды аралда орнатылатын жерүсті бұрғылау қондырғысын пайдалану келесі нұсқа ретінде қарастырылды. Бұл нұсқа қыс айларында мұздың түзілуі мен қозғалысынан туындайтын жүктемеге ең төзімді болып келеді. Бұл жобаға қойма алаңдары мен төгілімді оқшаулап жинап алу шаралары, сондай-ақ тазарту қондырғылары енгізілген.

Жасанды аралдарды пайдаланудың арқасында жақын маңда қосымша қойма баржаларын орналастыру қажетінен арылуға жағдай жасалды.



2024

06 АДАМДАР









КАДР ӘРАЛУАНДЫҒЫ, ТЕҢДІК ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛДЫҢ АТСАЛЫСУЫ

NCOC компаниясының табысты қызметінің негізі де, кепілі де – кәсіби деңгейі жоғары кадрлар. Біз кадр әралуандығын қалыптастыруға және персоналымызға кәсіби тұрғыда дамуға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтыламыз.

NCOC жұмыс орнындағы кадр әралуандығы, теңдік пен инклюзия маңызды екенін біледі және оларды жоғары еңбек өнімділігі мен персоналдың аман-саулығының негізгі факторы деп санайды.

Қызметкерлеріміз арасында сан алуан ұлт өкілдері бар болғандықтан, біз кадр әралуандығына тек сан түрлі көзқарастар арқасында тәжірибемізді молайту үшін ғана емес, сондай-ақ түрлі тәжірибе мен жұмыс әдістері жиынтығы есебінен еңбек өнімділігін арттыру үшін ұмтылып отырмыз.

NCOC ҮШІН КӨПҰЛТТЫ КОМПАНИЯ РЕТІНДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСҚА БІРДЕЙ АТСАЛЫСЫП ЖҮРГЕНІН СЕЗІНГЕНІ ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ КІМ ЕКЕНІНЕ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ЖҰМЫС ОРЫНДАП ЖҮРГЕНІНЕ ҚАРАМАСТАН ЖҰМЫС ОРНЫНДА ТЕҢ ҚОЛДАУ КӨРГЕНІ АСА МАҢЫЗДЫ.



NCOC компаниясындағы персонал іріктеу процестері ашықтық пен теңдік қағидаттарына сүйенеді. Сол қағидаттар тиісті уақытында тиісті машықтары мен қабілеттері бар, едәуір лайық деген үміткерлерді танып, жұмысқа алуға көмектеседі. Персонал іріктеу жөніндегі кешенді процесіміз әділетті қамтамасыз етуді көздейтін қатаң стандарттарға сүйенеді, бұл ретте әр кезеңде алалау сипатындағы мінез-құлыққа жол берілмейді. NCOC инклюзияға бейілдігін сақтай отырып, қызметкерлерінің бәріне әділ еңбекақы төленуін және оларға жұмыс орнында теңдік, саясаттар мен стандарттарды қолдану мүмкіндігін беріп отыр, бұл қызметкерлердің бәріне тең жағдай жасау деген міндеттемемізді орындауға ықпал етеді.

NCOC теңдік қағидаттарын ілгерілетуге, мүмкіндіктерді дамытуға және еңбек өнімділігін арттыруға ұмтыла отырып, қызметкерлердің ішкі қоғамдастықтары құрылуын қолдайды. Қоғамдастықтар қызметкерлердің әлеуетін толық пайдаланып, мансапқа қатысты амбициясына жетуге ықпал ететін бастамаларды қолдап, іске асырып келеді. Қоғамдастықтың сессияларында ынталы және дарынды кәсіпқойлар бас қосып, өз мансабы туралы ақпарат алмасады, әріптестерімен байланысын кеңейтеді және жұмыс пен жеке уақыт арасында дұрыс теңгерім ұстану жөніндегі ұсыныстарын ортаға салады.

NCOC жұмысқа бейілді әрі білікті қызметкерлер мен тиімді процестер мақсаттарымызға жетуіміз бен құндылықтарымызды қолдау жолында маңызды рөл атқаратынын мойындайды.

Жақында NCOC үздіксіз дамуға, басшы қызметкерлер арасында әралуандық болуына және жоғары жұмыс стандарттарына бейілділігін ескере отырып, жоғары стандарттар бойынша ұзақмерзімді жаңа тәсілдемелер енгізу стратегиясын жаңартты.

2024 жылы NCOC қызметкерлерінің ішінде әйелдер үлесі – 29% болды. Басшы лауазымдардың 22%-ын әйелдер алып отыр.

NCOC персоналының жалпы саны	**2 923 адам**
Жергілікті персонал	96%
Шетелдік персонал	4%
Ерлер	71%
Әйелдер	29%
Басшы лауазымдардағы жергілікті персонал	91%
Басшы лауазымдардағы әйелдер	22%
Оқу орнын аяқтағаннан кейін жұмысқа қабылданған студенттер	10 адам

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАНЫ ҮШІН ҚУДАЛАУДАН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ МЕН ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ МЕХАНИЗМДЕРІ

NCOC қызметкерлерінің бәріне, соның ішінде уақытша жұмыс істеп жүрген қызметкерлер мен мердігерлерге де қолайлы жұмыс жағдайын ұсынуға тырысады. NCOC компаниясында персоналдың еңбек даулары мен шағымдарын қарау үшін қызметкерлердің еңбек даулары мен шағымдарын қарау және реттеу процесі енгізілген. Бұл процедура қызметкерлердің проблемаларын басшылықтың қаперіне жеткізу және проблемалы мәселелер еңбек жанжалына ұласпай тұрғанда шағымдарды

тиісті түрде ашық және дер кезінде қарау мен реттеуді қамтамасыз ету құралы ретінде қолданылады. NCOC тікелей менеджерлері өз қызметкерлерін қысым көрсету әрекеттерінен қорғау және қызметкерлерге жұмыс алаңдарында алаң тудыратын мәселелерді құпия түрде талқылауға мүмкіндік беретін жағдай жасауға жауап береді.

Қызметкердің айтуға ыңғайсыз қандай да бір шетін сипаттағы шағымы болса, оны құпия түрде компанияның шағым беру жүйесі – әдеп мәселелері бойынша тікелей хабарласу желісі – (телефон, электрондық пошта немесе сайттағы нормаларға сәйкестік мәселелері бойынша тікелей хабарласу желісі) арқылы жеткізуге болады.

NCOC ешкімге шағымын айтқаны үшін кез келген түрде қысым көрсетуге жол бермейді. Компанияның заңсыз әрекеттер туралы хабарлағаны үшін құдалауға жол бермеу саясатында қызметкердің айыптауы негізді не негізсіз болса да, оны құдалауға және басқа да ұқсас әрекеттерге жол бермеу үшін барынша күш салынады делінген. Бұл ретте компания ең алдымен заң және іскерлік әдеп талаптарын басшылыққа алады.

NCOC өз қызметкерлерінен бөлек мердігерлеріміздің адам құқықтарын сақтауын және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы талаптарын, сонымен қатар компанияның еңбек қатынастары саласында белгілеген талаптар мен стандарттарды толық орындауын үнемі қадағалап отырады.

Сонымен қатар компания мердігерлердің персоналынан келіп түсетін шағымдарды қарау мен реттеудің ашық процесін енгізді. Персоналдан келіп түсетін шағымдар қабылданып, тіркеледі және мұқият қаралады. Мердігердің қызметкерлері өзінің еңбек құқығы бұзылды деп есептесе, біз оларға өз шағымын ашық, қысымнан, құдалаудан қорықпай мәлімдесін деп кеңес береміз.

Осы шаралардың бәрі жиналып келіп, мердігер ұйымдарында адам құқықтарына құрмет көрсету мәдениетін дамытуды көздейтін кешенді ұстанымның іске асуына және әділ еңбек қатынастарын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

NCOC КОМПАНИЯСЫНДАҒЫ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР ҚҰРУ ЕРКІНДІГІ ЖӘНЕ ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЖАСАСУ

Қауымдастық құру еркіндігі, атап айтқанда жұмысшылар мен жұмыс берушілер кәсіподақтары және жұмыс берушілер қауымдастықтары сынды ұйымдар құру және сол ұйымдарға мүше болу құқығына Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында кепілдік берілген. Қызметкерлер өз мүддесін қалай білдіретінін өзі таңдауға қақылы және NCOC бұл процеске араласпайды.

NCOC қолданыстағы заңдар мен ережелердің бәрін, сонымен қатар өзінің кез келген түрдегі қысым көрсету жайттарына, қорлау, қорқыту және қастық әрекеттеріне не болмаса іс-қимылға жол бермейтін шектер мен ережелер белгіленген Іскерлік әдеп кодексі талаптарын ұстанады. NCOC өз қызметкерлерінің мүддесін білдіруші кәсіподақпен және қызметкерлердің сайланған өкілдерімен бірлесіп, мынадай негіз қалаушы қағидаттарды тұжырымдады:

1) NCOC қызметінің табысқа жетуіне бейіл болу;
2) тараптардың заңды мүдделерін ортақ тану;
3) күнделікті еңбек сапасына басымдық беру;
4) ашықтықты қамтамасыз ету үшін ортақ міндеттеме қабылдау;
5) тиімділікті арттыру үшін ортақ міндеттеме қабылдау.

Бұл қағидаттар әріптестікке сүйенетін жұмысқа тән жалпы ерекшеліктерге қарай орындалып жатыр. Қызметкерлер NCOC мақсаттарына толық бейіл екенін және сол мақсаттарға жету де икемділігін көрсетуге тиіс. NCOC өз кезегінде қызметкерлердің өкілдерін өз қызметіне қатысуға тартады, кәсіподаққа жұмыс орындарындағы негізгі өзгерістерді үнемі хабарлап, олармен кеңесіп отырады.

Әріптестікке сүйеніп жұмыс істеу тұжырымдамасы өзара мүдденің де, жеке мүдденің де өтелуін және екі тараптың сондай жеке мүддеге құрмет көрсетуін көздейді.

Жұмыс пен жеке уақыт арасындағы теңгерімді және персоналдың жұмысқа араласуын қолдау

NCOC өз қызметкерлерінің жұмыс пен жеке уақыт арасында теңгерім сақтауын қолдайды. NCOC компаниясы қызметкерлерге жұмыс пен жеке уақыт арасындағы теңгерімді сақтауға көмектесу үшін бірқатар икемді жұмыс кестесі бағдарламаларын қабылдады.

NCOC **гибрид жұмыс режимі** бағдарламасын енгізген. Бұл бағдарлама NCOC компаниясының кеңсе қызметкерлеріне жұмыс уақытының бір бөлігінде кеңседе, ал бір бөлігінде үйде қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік беріп отыр. Осы бағдарламаның артықшылықтары NCOC компаниясына да, қызметкерлерге де айқын көрінеді және соның арқасында жұмыс пен жеке уақыт арасындағы теңгерім жақсарып, жолға кететін уақыт азаяды, кеңсе жайларын күтіп-ұстауға жұмсалатын шығын үнемделеді.

Сондай-ақ NCOC **икемді жұмыс кестесіне қатысты** басқа бағдарламалар бойынша жаңа ережелер қабылдады не өзгерістер енгізді. Бұл бағдарламалар жұмысқа қолайлы жағдай жасауға ықпал етумен қатар қызметкерлердің ынтасын арттырады, жұмыс пен жеке уақыт арасындағы теңгерімді жақсартып, күйзелісті азайтуға көмектеседі. Төмендегі кестеде бағдарламалар мен олардың сипаттамалары берілген.

Қысқа мерзім қашықтан жұмыс істеу бағдарламасы	Кеңсе қызметкерлеріне арналған икемді жұмыс уақыты бағдарламасы	Қысқартылған жұмыс уақыты бағдарламасы (18 айға толмаған балалары бар қызметкерлерге)
Қызметкерлерге жылына 15 жұмыс күні кез келген елде қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік береді.	Қызметкерлерге 8 сағаттық толық жұмыс күнін сақтай отырып, жұмыс күні басталатын және аяқталатын уақытты реттеуге мүмкіндік береді.	Қызметкерлерді бала күтіміне байланысты демалыстан жұмысқа уақытында шыға тұра, бала күтіміне көбірек уақыт бөлу мүмкіндігін бере отырып, кәсіби машықтарын сақтауға ынталандырады.

Кейінгі жылдары NCOC тұрақты түрде қызметкерлердің компания жұмысына атсалысу деңгейі жөнінде сауалнамалар жүргізіп келеді. Бұл сауалнамалар қызметкерлерден NCOC компаниясындағы жұмысы туралы не ойлайтыны, олар жұмысқа қаншалықты атсалысып жүргенін сезінетіні және NCOC менеджерлері оларды күнделікті жұмыс барысында қаншалықты жақсы қолдап жүретініне қатысты ой-пікірін алуды көздейтін.

NCOC персоналдың жұмысқа атсалысуы жөніндегі сауалнамаларды өз қызметкерлерінің жұмыс жағдайларын үздіксіз жетілдірудің негізі деп пайдаланады. Сондай-ақ олар NCOC компаниясында Қазақстанның еңбек нарығындағы үздік жұмыс беруші болу мақсатына жетуін көздейтін персоналын басқару жұмысының маңызды бөлігі саналады.

ШЕТЕЛДІК МАМАНДАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КАДРЛАРМЕН АЛМАСТЫРУ

NCOC персоналды дамытуға және шетелдік мамандарды қазақстандық кадрлармен алмастыруға елеулі күш салып келеді. Басты мақсатымыз – қызметкерлердің біліктілігін арттыру және олардың жұмыс істеу тиімділігін басқару.

NCOC қызмет тиімділігін басқару жүйесін әзірледі, онда ұжымымыздың әр мүшесінен компанияның жалпы мақсаттарына және қызметкерлердің біліктілігін арттыру жоспарларына сәйкес не күтілетіні қысқа да нұсқа жазылып, ресми бағалау барысында анықталған кез келген кемшілік көрсетілген.

Тағы бір басымдығымыз – қызметкерлердің мүмкіндіктерін дамыту. NCOC қызметкерлердің кәсіби өсуіне және біліктілігін дамытуға көмектесу үшін біліктілік деңгейін қамтамасыз ету жүйесін енгізді, онда компаниядағы лауазымдардың бәрінің біліктілік деңгейіне қатысты талаптары стандартталған және қызметкерлеріміз сол талаптарға сәйкес болу жағынан бағалаудан өтеді.

NCOC сонымен қатар болашақ көшбасшыларды дамытуға баса назар аударып отыр. Қызметкерлердің біліктілігі компания қызметімен сабақтастық процесі арқылы байланған. Соның арқасында желі менеджерлері қызметкерлердің жұмысы мен біліктілік деңгейіне баға бере жүріп, NCOC негізгі лауазымдарының бәріне, соның ішінде шетелдік мамандар жұмыс істеп жүрген лауазымдарға да тағайындауға әлеуеті жететін қызметкерлерді тани алады.

2024 жылы NCOC қызметкерлерінің 96%, соның ішінде басшы лауазымдардағы қызметкерлердің 92% Қазақстан азаматтары болды.



БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БӨЛІСУ

Солтүстік Каспий жобасының операторы 30 жылдан астам уақыт ішінде жергілікті мамандар қатарынан кадрлық әлеуетті қалыптастыру үшін кәсіптік-техникалық мамандықтар бойынша адам оқытуға шамамен 304,5 млн АҚШ долларын жұмсады. 1998 жылдан бері NCOC компаниясында жұмыс істеп жүрген Қазақстан Республикасының 28 745 азаматы азаматы білім алып, білігін арттырды.

NCOC оқыту процесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлерді оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды жоспарлау үшін біліктілікке сүйеніп бағалау үлгісін пайдаланады.

Бұл үлгіде қызметкердің қазіргі біліктілік деңгейін талап етілетін деңгеймен салыстыру, кемшіліктерді анықтап, жою үшін оқыту жоспарын әзірлеу қарастырылған.

Үлгінің өзіне тән ерекшелігі – арнайы әзірленген біліктіліктер каталогы, соның арқасында әр қызметкер өзінің жеке біліктілігін арттыру жоспарын әзірлеп, біліктілігіндегі кемшін тұстарды жою үшін бірқатар оқыту бағдарламасы бойынша оқыту-үйрету өте алады. Оқытуға қатысты осындай тәсілдеме оқытудың Компанияның бизнес-мақсаттарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Біліктілігі жоғары кадрларды дамыту мен қолдаудың негіз құраушы аспектілерінің бірі үздіксіз оқыту болғандықтан, NCOC компаниясының басшылығы қызметкерлеріне дүниежүзі бойынша қашықтан оқыту платформаларына және NCOC акционер компанияларының корпоративтік университеттерінің ресурстарына қосылу мүмкіндігін беруді ұйғарған. Бұл NCOC қызметкерлеріне жаңа машықтарды меңгеруге және тиісті білім алуға мүмкіндік беріп отыр.

NCOC компаниясы қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігі біз үшін ең басты мәселе болып қала бермек. Сондықтан NCOC қауіпсіздік саласында және Қазақстан заңнамасына сай міндетті саналатын өзге де бағдарламалар бойынша оқытуға ерекше көңіл бөліп отыр.

2024 жылы 112 студент NCOC компаниясында жазғы практикадан өтті. Бұл практика жергілікті студенттерге халықаралық мұнай-газ компаниясында жұмыс істеуге және саладағы кейбір бірегей заманауи жабдықтарды қолдануда тәжірибесін алуға мүмкіндік беріп отыр.

Стипендия бағдарламасы

Білім алу тұрақты дамуға жетуде маңызды рөл атқарады. Біз мұны Қазақстан жастары арасында насихаттау маңызды екенін жақсы білеміз. Осы мақсатта NCOC KAZENERGY қауымдастығының қолдауымен студенттерге арналған стипендия бағдарламасын ойдағыдай іске асырып жатыр. Компания СКӨБК-ге сәйкес қаржы бөліп отыр, ал KAZENERGY қауымдастығы конкурс негізінде Қазақстан азаматтарының (NCOC қызметкерлері емес) мұнай саласындағы мамандықтар бойынша, соның ішінде университеттерде, колледждерде және басқа да білім беру мекемелерінде

KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ СТИПЕНДИЯЛАРЫ

www.kazenergy.com

академиялық оқуына арналған стипендия қорын басқарып отыр. 1998 жылдан бері Солтүстік Каспий жобасы Операторы стипендия қорының жалпы көлемі 11,6 млн АҚШ долларына жетіп, ол қаражат еліміздің оқу орындарында 5092 қазақстандық студенттің оқуына жұмсалды.

2024–2025 оқу жылы NCOC компаниясы 35 оқу орнында оқып жатқан 272 студентке 590 371 АҚШ доллары сомасында қаржылай қолдау көрсетті.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Адам құқығын құрметтеу және қорғау – NCOC компаниясының корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі. Адам құқығын сақтауға қатысты ұстанымымыз бірнеше негізгі элементтен, соның ішінде корпоративтік саясатты, қолданыстағы заңнаманы және нормативтік актілерді сақтаудан, мүдделі тараптармен тұрақты байланыста болып, қарым-қатынас жасаудан тұрады. Бұл саладағы міндеттемелеріміз компанияның жалпы қызмет қағидаттарында, іскерлік әдеп кодексінде, парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі нұсқауында және тиісті процедураларында бекітілген.

Компаниямызда алалауға жол бермеуді көздейтін және қызметкерлердің мәдени ерекшеліктерін ескеретін бағдарламалар мен процедуралар жұмыс істейді.

NCOC компаниясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасы талаптарын қатаң сақтайды және әлдебір түрдегі қысым көрсету жайттарына, сонымен қатар кез келген қорлау, қорқытып-үркіту не қастық әрекеттеріне не болмаса іс-қимылдарға жол бермейді. Басшылар қызметкерлерін қысым көрсету әрекеттерінен қорғауға және өз қызметі саласында қысым көремін деп қауіптенетін адамдар сондай мәселені құпия талқылай алатын ахуал жасауға міндетті. Жабдықтаушылар мен мердігерлердің де бізбен бірге орындайтын жұмыстарының барлық саласында жалпы қызмет қағидаттары мен іскерлік әдеп кодексін ұстану жағынан келісімшарт міндеттемелері бар.

Біз ұжым ішінде алалауға жол берілмейтін, адамның нәсілі, жынысы, жасы, діні, ұлты, дене кемшіліктері не әлдебір өзге факторлар мүмкіндіктерді пайдалануға не адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына кедергі болмайтын жұмыс жағдайы мен ахуал қалыптастыруға барынша ықпал етеміз. 2023 жылы адам құқықтары бұзылған бір де бір жағдай тіркелген жоқ.



10

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

NCOC компаниясының жергілікті қамту саласындағы саясаты Солтүстік Каспий бойынша өнім бөлісу туралы келісімге (СКӨБК) және қолданыстағы заңнаманың негізгі баптарына қарай реттеледі, сонымен қатар NCOC миссиясына, стратегиялық мақсатына, құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сүйенеді.

Біз талаптарымыз бен стандарттарымызға сәйкес келетін жергілікті тауар, жұмыс және қызмет сатып алу, сонымен қатар жергілікті мамандардың біліктілік деңгейін арттыру және жергілікті компаниялардың әлеуетін көтеру арқылы жергілікті қамтуды дамытуға үлес қосып жатырмыз.

2024 жылы NCOC жергілікті тауар, жұмыс және қызмет алуға **656,3 млн АҚШ долларын** жұмсады, бұл – жалпы шығын сомасының 62,1%.



ЖЕРГІЛІКТІ ТАУАРЛАР

15,1 млн АҚШ доллары

15,5%

ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫСТАР

392,1 млн АҚШ доллары

79,6%

ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТТЕР

249,1 млн АҚШ доллары

53,4%

Бұл – 2004 жылдан бері жергілікті тауар, жұмыс және қызмет сатып алуға жұмсалған **17,9 млрд АҚШ долларына** тең жиынтық соманың бір бөлігі. Осы және басқа да деректер NCOC компаниясы жергілікті қамтуды дамыту мүмкіндіктерін арттыруға шынымен ынталы екенін айғақтап отыр.



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ БОЙЫНША 2004-2024 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ТӨЛЕМДЕР, %



ТАУАРЛАРДЫ ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУ

NCOC басым міндеттерінің бірі — тауарларды жергіліктендіру және жергілікті тауарларды сатып алуды дамыту мүмкіндіктерін барынша арттыру. NCOC осы міндетті орындау үшін Халықаралық мұнай-газ машина жасау саласын дамыту орталығымен (IMB орталығы) тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп жатыр. IMB орталығының негізгі функциясы — сұранысты, соның ішінде NCOC сұранысын талдау және жер қойнауын пайдаланушылардың талаптарына сәйкес қажет тауарлар жеткізе алатын өндірушілердің жергілікті нарығын зерделеу. Орталық қызметі сонымен бірге жергілікті өндірушілердің өндіріс қауқарын арттыруды қолдау мен шетелдік компаниялардың өндірісін Қазақстан Республикасында жергіліктендіру үшін олармен өзара әрекеттесуді қамтиды.

2024 жылы NCOC IMB орталығына C тобындағы тауарлар мен қызметтер санаттары (материал тасымалдау жабдықтары, жылу алмасу жабдықтары, өрт сөндіру жабдықтары, химиялық реагенттер, оқшаулағыш материалдар) бойынша техникалық талаптар мен техникалық шарттар, сонымен қатар D тобындағы тауарлар мен қызметтер санаттары (компрессорлар, электр қозғалтқыштары мен

керек-жарақтары, болат пен металдан жасалған бұйымдар, жабдықтар мен қол аспаптар) бойынша талаптар ұсынды.

Мынадай бірқатар ірі бірлескен іс-шара жүргізілді:

- 10-12 шілде аралығында Атырауда жыл сайынғы IMB орталығы форумы мен үш Оператордың Ашық есік күні өтті. Іс-шара барысында 700-ден астам жабдық пен олардың техникалық сипаттамасы көрсетілді, сонымен қатар қатысушылардың назарына 160-тан астам жабдық туралы ақпарат берілген және таңдалған 12 өнім санаты бойынша кейінгі алты жылдағы тұтыну туралы тарихи деректер көрсетілген каталог ұсынылды. Сонымен бірге NCOC компаниясы мен 23 қазақстандық компания арасында Өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылды.
- 2 қазанда А тобындағы өнім санаттары (электр жабдықтары, БӨАжА және бақылау құралдары, клапандар) бойынша семинар, ал 12 желтоқсанда В тобындағы өнім санаттары (сорғылар мен тығыздауыштар, технологиялық сүзгілер, АЖАҚ, құбыр бұйымдары) бойынша семинар өткізілді.
- Сондай-ақ Қазақстанның «Kazservice» мұнай сервисі компаниялары одағымен бірлесіп, «Тауарлардағы жергілікті қамту: ел мен саланың стратегиялық дамуы» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Іс-шараға 80-нен астам отандық тауар өндіруші мен жабдықтаушы (қызмет көрсетуші) компанияның және IMB орталығының өкілдері қатысты.

Осы семинарлар аясында жергілікті өнім өндірушілерге NCOC қажеттіліктері туралы ақпарат ұсынып, NCOC техникалық талаптарын түсіндіру үшін NCOC компаниясының басшылар құрамы мен мамандарының топтары қатысқан дөңгелек үстелдер мен сессиялар өткізілді.

2024 жылы NCOC төрт рет келісімшарт беру салтанатын өткізіп, сол шаралар барысында жергілікті компаниялармен жергіліктенген тауарлар мен қызметтер ұсыну жөнінде 23 коммерциялық келісімге қол қойылды.

Жергіліктендіру жұмысының тағы бір маңызды нәтижесі WIKA Kazakhstan компаниясымен арада өлшеу аспаптарын сатып алу және Beruseal Caspian компаниясымен арада қаптау және бекіту материалдарымен жабдықтау жөнінде инвестицияға айырбасталатын келісімшарттар жасалғаны болды. «Инвестицияға айырбасталатын келісімшарт жасасу» механизмі елдегі өндіріс көлемін кеңейтуге мүмкіндік беріп, тауарлар сапасы жоғары әрі заманауи нарық талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етеді. Бұл механизм енгізілгені технология мүмкіндіктері мен жергілікті экономиканы дамыту жолындағы маңызды қадам болып отыр.

2023 жылғы желтоқсанда Атырау облысында WIKA манометрлерін, мембраналы айырғылар мен электрондық аспаптар құрастыру цехі ашылды. Бұл жаңа нысан өнім желісі кеңейюіне, цехтегі өндіріс айналымы ұлғаюына ғана емес, сонымен қатар Қазақстан азаматтары үшін жаңа жұмыс орындары ашылуына ықпал етеді.

Бұл бастама біздің қауіпсіздік пен өндіріс тиімділігі стандарттарын жоғары күйінде ұстай отырып, жергілікті экономиканың өсуіне ықпал етуге бейіл екенімізді айғақтап отыр.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДЫ ДАМЫТУ

NCOC компаниясы жергілікті жабдықтаушыларды дамытып, жетілдіруді басым міндеті деп таниды. Бұл орайдаға мақсат — жергілікті нарықты зерделеп, жергілікті компанияларға техникалық мүмкіндіктерін жақсартуына және Солтүстік Каспий жобасының ықтимал жабдықтаушысы ретінде

біліктілігін бағалатуына, ал ұзақмерзімді келешекте жергілікті және халықаралық нарықтардағы басқа тендерлерге қатысуына септесу.

2024 жылы NCOC 40-тан астам жергілікті компанияның өндіріс нысандарымен танысып, әлеуетін зерттеу үшін олардың өндіріс орындарына сапарлар ұйымдастырды.

NCOC компаниясы жергілікті жабдықтаушылардың дамуына сеп болуды мақсат етіп:

1) жергілікті жабдықтаушыларға халықаралық стандарттарға сәйкестік жағынан сертификаттау өтуге, сөйтіп олардың бәсекеге қабілетін айтарлықтай арттыруға көмектесіп келеді;
2) оқыту-үйрету курстарын, семинарлар және форумдар өткізу арқылы жетілдіру бағдарламасын іске асырып жатыр.



2024 жылы NCOC «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ мен «MAKER» Қарағанды құю-машина жасау зауытына API сертификаттарын ойдағыдай алуына көмектесті. Сол сертификаттардың арқасында компаниялар анағұрлым жоғары деңгейге шығып, Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де өзге жабдықтаушылармен бәсекелесе алады.

2024 жылға арналған жетілдіру бағдарламасы аясында NCOC компаниясы жергілікті компанияларға NCOC компаниясының ДЕҚҚОҚ, сапаны басқару, кәсіби жарамдылыққа алдын ала баға беру процесі тұрғысындағы стандарттары мен талаптары туралы хабардарлық деңгейін арттыру үшін бес семинар өткізді. Ондай семинарлар NCOC компаниясына ықтимал жабдықтаушылар санын көбейтуге, кәсіби жарамдылығына алдын ала берілген бағаға қарай нәтижелерін жақсартуға және компания талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



БҰРҒЫЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ



Қашаған кен орнын игеруге әлемдегі ең озық бұрғылау технологияларын пайдалану қажет болды.

Бұрғылау жұмыстарының негізгі қағидасы – оқиғалардың алдын алу. Ұңғыма операциялары жөніндегі топ бұрғылау операцияларының қауіпсіздігін арттыруға және үздіксіз жетілдіру процесін демеуді көздейтін бірқатар жобаны ойдағыдай іске асырды.

Пайдаланылған озық бұрғылау технологияларының қатарында мыналар да бар: тар бейінді ұңғымаларды бұрғылау технологиясы; белдемдерді оқшаулау; ұңғыма ернеуін тұмшалап бұрғылау және ұңғыма ішінде орнатылатын клапандар.



ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

9 ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР

Біз қызмет жүргізіп жатқан өңірлердегі қоғамның әл-ауқатына үлес қосуға ұмтыламыз. NCOC компаниясының Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалары (ӘИЖ) NCOC нысандарына таяу маңда тұрып жатқан халықтың тұрмыс деңгейін көтеруді және мектеп, балабақша, аурухана, спорт

нысандары мен жұртқа қажет инженерлік инфрақұрылым, соның ішінде жолдар, электр тоғы мен су жеткізу желілерін салу арқасында халықтың қажетін өтеуді көздейді.

Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды облыс әкімдіктері ұсынады. NCOC компаниясы мен СКӨБК бойынша Өкілетті орган ұсыныстарды қарастырып, СКӨБК талаптарына және Компанияның тұрақты даму жөніндегі міндеттемелеріне сәйкестігін қарайды. Берілген ұсыныстарға сүйеніп, облыс әкімдіктермен тығыз қарым-қатынаста жобалар әзірленеді. Жобалар бекітілгеннен кейін NCOC компаниясы келісімшарт беруге арналған тендер өткізуге және жобаны тапсыру-қабылдау кезеңіне дейін іске асыруға жауапты болады.

2024 ЖЫЛЫ СКӨБК АЯСЫНДА ЖАЛПЫ 232 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛЫП, ОЛАРҒА 914,7 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ ЖҰМСАЛДЫ.



2024 жылы аяқталған жобалар

Жоба	Орналасқан жері
Студенттер жатақханасын салу 500 орындық, жалпы ауданы 1 000 м² бес қабатты заманауи ғимарат	Ақтау қаласы
Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға арналған Оқушылар сарайын салу	Ақтау қаласы
Орта мектеп салу Кенттегі алғашқы 100 орындық жалпы білім беру мектебі	Бекі ауылы, Маңғыстау ауданы
Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптік мал шаруашылығының биологиялық қалдықтарын утильдейтін, «Камаз» жүк көлігіне орнатылған **жылжымалы крематор** (инсинератор) Актив және пассив қауіпсіздік жүйелері, заманауи электр жабдығы, кіріктірілген жарықдиод жарқылдақ маяктар және климат бақылау жүйесі қондырылған **бес жедел жәрдем машинасы**.	Маңғыстау ауданы

БІЛІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МҮМКІНДІГІН АРТТЫРУ

Біз өзіміз жұмыс істеп жатқан өңірлерде, әсіресе ауылдық жерлерде мектеп салу және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау арқылы білім алуға қол жеткізу мүмкіндігін арттыруға үлес қосып келеміз.

2024 жылы біз Маңғыстау облысында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларымыз аясында екі ірі білім беру жобасын – Ақтау қаласындағы Оқушылар сарайы мен Бекі ауылындағы мектепті салып бітірдік.

Жаңа Оқушылар сарайы Ақтау қаласының 17-шағын ауданында орналасқан. Жалпы ауданы 6 000 м² асатын үш қабатты ғимарат 1 500 оқушыға есептелген. Оқушылар сарайында көпшілік іс-шараларға арналған үлкен зал, оқу-үйірме жұмыстарына арналған жайлар, сонымен қатар спорт кешені бар. Бұл жерде балалардың оқудан тыс уақытта дене

шынықтырып, мәдени жағынан дамуына қажет нәрсенің бәрі бар. Оқушылар өзіне қызық түрлі сала бойынша, соның ішінде экология, биология және жалпы гуманитарлық бағыттағы үйірмелерге қатыса алады.

Сарайда шығармашылығын дамытамын деген балаларға хор, оркестр және музыка аспаптарын тартуды үйрететін жеке сабақтар өткізетін сыныптар бар. Сондай-ақ ғимаратта дизайн және бейнелеу өнері студиясы, қолөнер және ағаш пен металл өңдеу шеберханалары, әдеби-драма студиясы мен кітапхана бар.

Авиация мен ғылыми-техникалық шығармашылыққа әуестенетін балаларға Оқушылар сарайында авиа моделін жасау бөлмелері және ИТ-технология зертханасы жабдықталған. Ал өз өңірі туралы көбірек білсем дейтіндер туризм-өлкетану қызметіне арналған дәрістерге қатыса алады.

Оқушылар сарайының спорт кешенінде тренажер залы және 123 көрермен орны бар әмбебап спорт залы, сонымен қатар спорттық жүзумен шұғылдануға да, жүзуді үйренуге де арналған бассейндер жабдықталған. Йога және аэробикаға әуестенетіндерге арналған залдар да бар.

Бекі ауылындағы мектеп құрылысы – Маңғыстау облысында тең білім алу мүмкіндігін беруді көздейтін тағы бір маңызды жоба. Бұл – ауылдағы толық жалпы білім алуға болатын алғашқы мектеп. Бұған дейін балалар үйден кетіп, өзге өңірлердегі мектеп-интернаттарда оқуға мәжбүр болған.

100 оқушыға арналған екі қабатты мектеп ғимаратына жиһаздар мен қажет жабдықтар толық қойылған. Жалпы білім беру дәрістерімен қатар балаларға дамуға мол мүмкіндік беріледі. Физика, химия және биология пәндеріне арнайы кабинеттер, сонымен қатар сыныптан тыс жаттығуларға арналған зертханалар жабдықталған. Сондай-ақ мектепте музыка және ән сабақтарына арналған зал, сонымен қатар балалар шығармашылықпен шұғылдана алатын көзе шеберханасы, балалар қарапайым және дәмді ас пісіпін, тағамдарды әдемілеп безендіруді үйренетін аспаздық кабинет бар.



1998–2024 жылдар аралығында аяқталған әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар

Атырау облысы	Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың бағыттары	Маңғыстау облысы
37	Білім беру	24
22	Денсаулық сақтау	18
47	Инфрақұрылым	49
7	Мәдениет	50
1	Спорт	16
114	**Облыстар бойынша аяқталған жобалардың жалпы саны**	**118**

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

NCOC компаниясының демеушілік және қайырымдылық стратегиясы компания қызметі жүргізіліп жатқан өңірлердегі тұрақты даму мақсаттарына бейілдікке сүйенеді. NCOC Атырау және Маңғыстау облыстарында іске асырып жатқан әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобаларды қолдап, сүбелі үлес қосып келеді.

NCOC компаниясының демеушілік қызметі ең алдымен білім беру және денсаулық сақтау саласын қолдауды көздейді. Компания осы салаларға құйылатын инвестиция келешекке құйылған инвестиция екенін біледі. NCOC білім беру және денсаулық сақтау мекемелеріне көмектесе отырып, қызмет көрсету сапасын жақсартумен қатар (мұғалімдер мен медицина қызметкерлерінің білігін арттыру) жекелеген азаматтарды жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қосуға ынталандырып келеді.

NCOC демеушілік және қайырымдылық бағдарламасының тағы бір негіз қалаушы элементтерінің бірі – экология орнықтылығы. Компания қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру, соның ішінде биологиялық әралуандық пен жануарлар әлемін қолдау бастамаларын іске асыруға ресурс бөліп, орнықты практикаларды қолдануға ықпал етіп отыр.

NCOC компаниясының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы міндеттемелерін орындауға ұмтылысы қайырымдылық бағдарламасында көрсетілген. Компания белсенді түрде қайырымдылық жасап, сол арқылы өзінің бизнес-міндеттерінен тыс, қоғам алдындағы парызын атқарып келеді. NCOC жергілікті халыққа дағдарыс жағдайында көмек көрсететініне не ағымдағы жобаларды қолдап отырғанына қарамастан, оның қайырымдылық қызметі қоғамның әлеуметтік жағынан жауапты мүшесі болу міндеттемесін көрсетіп отыр.

Біз жергілікті халықты қолдай отырып, мына салаларға үлес қосып келеміз:

- қоршаған ортаны қорғау;
- денсаулық пен еңбекті қорғау (соның ішінде жолдағы қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі бастамалар);
- адами капиталды дамыту;
- әлеуметтік кәсіпкерлік.

2024 жылы NCOC Атырау және Маңғыстау облыстарында қоршаған ортаны қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік кәсіпкерлік, спорт және мәдениет салаларында әлеуметтік маңызы бар 37 жобаны іске асырды.

Жалпы алғанда 1998–2024 жылдар аралығында Атырау және Маңғыстау облыстарында жалпы құны 31 млн АҚШ долларына тең 1502 демеушілік және қайырымдылық жобасы іске асырылды.









2024 ЖЫЛЫ ОРЫНДАЛҒАН НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР

Әлеуметтік кәсіпкерлік

Кәсіпкерлік жұмыспен қамтуға ықпал ететіндіктен, NCOC оны кедейлікті азайтудың негізгі құралы деп қарастырады. Кәсіпкерлікті дамыту аясындағы басты мақсатымыз – халықтың осал топтарының жұмысқа тұруына мүмкіндік беру.

- 2024 жылы демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы аясында біз Мақат ауданында «Айналайын баладан» үкіметтік емес ұйымына тұшпара және кондитерлік цех ашуға қажет жабдықтар әпердік. Қуыратын пеш, нан илейтін машина, өнеркәсіптік миксер және т.б.

сияқты өнеркәсіп жабдықтары берілді. Жобаның арқасында Мақат ауылының 10 тұрғынын – сегіз әйел мен екі ер адам, оның ішінде екі мүмкіндігі шектеулі жан және аз қамтылған отбасынан шыққан 8 адам жұмысқа тұрды.

- 2024 жылы біз Атырау облыстық мүгедектер қоғамына демеуші болып, мүмкіндігі шектеулі жандар жұмыс істейтін ортопедиялық аяққиім шығаратын шеберханаға қажет құрал-жабдықтар алып бердік. Осы бірегей жобаның арқасында мүмкіндігі шектеулі жандар тапсырыспен ортопедиялық аяққиім шығаратын шеберханаға жұмысқа тұрды. Қазір онда 16 адам жұмыс істеп жатыр, олардың 13-і – мүмкіндігі шектеулі жандар.
- Компания Түпқараған ауданының Қызылөзен ауылында жергілікті туризмді дамытуды қолдап, «Қазірет» үкіметтік емес ұйымына екі глэмпинг сатып алуға қаржы берді. Қызылөзен ауылы Каспий теңізінің жағасында, Форт-Шевченко қаласынан 30 шақырым жерде жатыр. Жыл сайын Қызылөзен ауылының маңындағы жағалауға жұрт көп келіп жатыр, соған орай ауданның туризм әлеуетін дамыту сұранысы артып келеді. Компания жергілікті үкіметтік емес ұйымның ішкі туризмді дамыту жөніндегі экологиялық жобасын қолдады. Жоба аясында Қызылөзен ауылындағы халықтың осал топтарынан 5 адамға жұмыс берілді.

Осы бастамалар ұзақмерзімді келешекте кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етіп, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік беріп отыр.

Адами капиталды дамыту

Біз адамдардың тұрмыс деңгейін көтеруде және елдің дамуында білімнің маңызы зор деп сенеміз.

Сондықтан білім беру жобаларына инвестиция құйып, келешекте еліміздің өсіретін өскелең ұрпақтың әлеуетін дамытуға ұмтылып келеміз.

